

Береке, байлық – бірлікте!

ҰЛЫТАУ ӨНІРІ

№6 (5977) Сенбі, 7 ақпан, 2015 жыл

Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ — АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Рахымжан ӘДЕНҰЛЫ

Киелі мекеннің есімін еншілеген Ұлытау ауданының тарихы тереңде жатыр. Аудан өткен жылдың бере-келі күзінде өзінің 75 жылдық мерейтойын ауқымды іс-шаралармен атап өтті. Сонау 1939 жылы қазақтың қарашаңырағы – Қарсақбай ауданынан бөлініп, өз алдына бөлек шаңырақ көтерген Ұлытау ауданының тағдыр-талайы тым күрделі.

(Жалғасы 2-бетте).



ТАҒАЙЫНДАУ



Қарағанды облыстық Ішкі істер департаментінің 24 қаңтар 2015 жылғы №17 ж/қ бұйрығымен, полиция подполковнигі **Қайрат Нариманұлы Далабаев** Ұлытау ауданы Ішкі істер бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы қарсаңында

ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Рахымжан ӘДЕНҰЛЫ

Қазақстан халқы үшін 2015 – Қой жылы ұлан-асыр той жылы болғалы тұр, сәтін салса! Биыл елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 20 жылдық және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойлары аталып өтіледі. Ұлт тарихындағы айтулы тойларды жоғары деңгейде атап өту мақсатында, дайындық жұмыстары қызу жүргізілуде. Әсіресе, көпұлтты еліміздегі өзге ұлт өкілдері шаттық пен қуаныш құшағында.

Аласапыран заманда тағдыр төлкегіне түскен неміс, украин, татар, шешен, корей, т.б. ұлттар Қазақстанға қоныс аударуға мәжбүр болғандары тарихтан аян. Қазақ халқы олардың ешқайсысын өгейсітпей, бауырына басты, барымен бөлісті. Ұлтымыздың дарқандығы, бауырмалдығы, қонақжайлылығы өзге ұлт өкілдерінің қазақ жерінде тамыр жаюына үлкен мүмкіндік берді. Сөйтіп «тілі бөтен – тілегі бір, түрі бөтен – жүрегі бір» жандар, «Қазақстан» атты ортақ бір үйдің, «қазақстандықтар» атты бір отбасының мүшелеріндей болып кетті бүгінде. Қазақстанда өзге ұлт өкілдері жергілікті халықпен тең құқылы! Жер-жерде өзге ұлт өкілдерінің диаспоралары жұмыс істейді. Өз ұлттарының мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын насихаттауды мақсат тұтқан бұл диаспоралар, атқарушы органдармен тізе қосып ізгі істер жүргізуде. Корей, неміс, шешен-ингуш, кабардин-балкар, татар-башқұрт, украин, т.с.с. ұлттардың этникалық ерекшеліктері толық



сақталған және ҚР-ның Заңымен қорғалады. Елдегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің салтанат құруына, этносаралық қарым-қатынастың сақталуына Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарып отырған жұмысы айтарлықтай. Ассамблея туы астында құрылған Қоғамдық келісім кеңестері де ұлтаралық келісім бағытындағы кешенді іс-шараларға ұйытқы болып, ынтымақтастық ырғағының бұзылмауын назарда ұстауда.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толғалы отыр. Осы бір маңызды мерейтой құрметіне Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев, 2015 жылды «Қазақстан

халқы Ассамблеясының жылы» деп атауға шешім қабылдаған болатын. Елдегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім – береке мен байлықтың бастауы. Көпұлтты Қазақстандағы барлық ұлт пен ұлыс «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», ел экономикасын

дамытуда, әлеуетін арттыруда аянбай еңбек етіп жүр. Табыстың тайқазанын қайнатып жүрген еңбек ерлерінің ішінде өзге ұлттың өкілдері жүргеніне ешкім таңданбайды қазір. Бүгінде өнер мен мәдениетте, спортта, тіпті шаруашылықтың қай саласында болмасын басқа ұлт өкілдерінің еңбегі шексіз. «Біз – қазақстандықтармыз!» дейді олар мақтанышымен.

Иә, тұтас бір жыл Қазақстан халқының Ассамблеясына арналса, бұл біздің елдегі өзге ұлт өкілдеріне деген құрмет пен қошемет белгісі емес пе?!

Облыс әкімінің есебі қарсаңында

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ — АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кеңес дәуірінде ауданның басына биліктің бишігі бірнеше рет үйірілген екен. Қарсақбай мен Ұлытау аудандары біріктіріліп Жезді ауданы болды. Одан кейін 1972 жылы Ұлытау Жезді ауданынан бөлініп шығып, жеке аудан болып құрылды. Ал 1997 жылы Жезді ауданы оңтайландырылып, Ұлытау ауданының құрамына қосылды. Аудан орталығы болып – Ұлытау селосы бекітілді. Оған да 18 жылға аяқ басып барады екен.

Бүгінде Ұлытау ауданы жер көлемі жағынан (12 млн.293 мың 105га) облыс бойынша ең ірі аудан болып саналады. Арқаның дәл «кіндігінен» орын тепкен аудан, 5 облыспен және Жаңа-арқа ауданымен шектесіп жатыр. Ауданда 14,0 мыңға жуық халық бар. Негізінен ауылшаруашылығымен айналысатын аудан аумағында, өнеркәсіп, өндіріс ошақтары да орналасқан. Ауданда 3 кенттік, 12 ауылдық округ бар болса, барлығында орта білім беретін мектептер, мектепке дейінгі тәрбие беру орындары, медициналық қызмет көрсету мекемелері, т.б. жұмыс істеп тұр. Ауданның экономикасы қарыштап дамып, әлеуметтік-тұрмыстық хал-ахуалы жыл санап жақсарып келеді.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың 2013 жылғы 15 тамыздағы Жарлығына сәйкес, аудандағы кенттер мен ауылдардың әкімдері халық алдында есеп беру кездесулерін өткізді. Араға апта салып, аудан басшысы Хамит Нұрланұлы Омаровтың өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындау барысындағы 2014 жылы атқарған және 2015 жылы атқаратын жұмыстары туралы қорытынды есебі тыңдалды аудан орталығындағы Мәдениет үйінде. Оған облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы М.Құттыбай, облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы Ж.Жарылғасынұлы, депутаттары М.Шамбұлов, Б.Өлеуханұлы, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мекемелердің басшылары мен қызметкерлері, кент, ауыл әкімдері, село тұрғындары қатысты. Аудандық мәслихаттың хатшысы Т.Сейтжанов ашып, жүргізген кездесу, аудан басшысы Х.Омаровтың есепті баяндамасын тыңдаумен басталды. Баяндамадан соң ұлытаулық зейнеткерлер Қ.Әбдірахманов, Е.Әбжамалов сөз алып, өткен 2014 жылы аудан орталығында жүргізілген барлық игі істерге ризашылықтарын білдіре келе, аудан басшысының есебіне «қанағаттанарлық» деген баға берді. Екеуінің көріз жүйесі іске қосылса, «Қазмұнайгаз» компаниясының көмегімен заманауи жанармай бекеті салынса деген сауалдарына аудан әкімі, селода салынатын орталық көріз жүйесі құрылысы-



ның жобалық-сметалық құжаттары (ЖСК) жасалып, мемлекеттік сараптамадан өткізілгенін, 2015 жылы жергілікті бюджеттен 169,0 млн.теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталатынын, ал заман талабына сай жаңа үлгідегі жанармай бекетін салуға халық са-



жоғары баға берді. Село жастарының көкейтесті мәселесін қозғаған кәсіпкер Қ.Бекетаев, қандай мем-

лекеттік нысандардың жекешелендірілетіні, ауылдағы білімді, іскер, белсенді жастардың өз ісін бастауына мүмкіндік туғызылса деген сауалына, аудан әкімі мұндай республикалық бағдарлама бар екенін, арнайы комиссияның шешімімен жекешелендірілетін нысандар тізімі міндетті түрде аудандық газетте жарияланатынын айтса, аудандық қаржы және экономика бөлімінің басшысы Т.Шайхин аталған жұмыстар 2016 жылы жүргізіле бастайтынын жеткізді жиналған жұртшылыққа. Жуырда ғана баспаналы болып, Қой жылы басталысымен қуанышқа кенелген Ж.Төре, баласы жаңа үйдің кілтін иеленген ана А.Ержанова аудан басшылығына алғыстарын жеткізді. Мектеп мұғалімі Н.Нұрғалиқызының мектеп ғимаратында оқушыларға арналған деретхананың жоқтығы, қыс айларында оқушыларға, әсіресе бастауыш сынып оқушыларына қиындық туғызатыны туралы сауалына, аудандық БДШС бөлімінің басшысы М.Сыздықов осы бір көптің көкейіндегі өзекті мәселенің оң шешім табатынын, мектеп деретханасының сметасы жасалғанын, көктем шыға нақтылауға жіберілетінін айтты. Медицина бірлестігі басшысының орынбасары З.Жаңбыршиеваның шалғай ауылдарға қыс айларында жол қатынасы болмауына байланысты медициналық көмек көрсетудің қиындығын, жол талғамайтын автокөлік берілсе деген тілегіне, аудан әкімі Х.Омаров бұл мәселе шешімін тапқанша аудандық ТЖ бөлімімен бірлесе жұмыс жасау керектігін, ал шеңберлік шаруа қожалығының иегері Бауыржан Алпысбековтің Шеңбер ауылына қыста жол болмайтыны, әсіресе күрежолдан ауылға дейінгі 28 шақырым жолды қалың қар басатыны жайлы сауалына аудан басшысы бүгінде барлық ауыл әкімдіктеріне жолдарды қалыпты жағдайда ұстап, күтуге аудандық бюджеттен қаржы бөлінгенін, енді жол қатынасы ауыл әкімдерінің жұмысы екенін жеткізді. Ал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Обайдуллин аудан

халқының аздығы, кейбір мектептердің жабылу қаупінің бар екені, бюджеттік қаржыландыру жан басына шағылып жүргізілетіні,



т.б. жайлы ой-пікірін айта келе, облыстық бюджеттен бөлінген қаржының біршама бөлігі жыл аяғына қарай кейін қайтарылып алынатынына ренішін де жасырмады. Сайлау ақсақалдың бұл пікіріне қосылатынын айтқан ау-



дан әкімі, нақтылы жауап қайтарды. Сөз кезегін алған облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы М.Құттыбай «Ұлытау ауданы әкімінің есеп беру жиынына осымен екінші рет қатысып

шылығының сіңірген еңбегімен қоса, ұлытаулықтардың ауызбірлігі, ұйымшылдығы болса керек. Бүгінде жастарға қатысты мәселелер көбейіп тұр. Елімізде арнайы жастар саясаты бағдарламасы жүргізілуде. Облыстың барлық

аудандары мен қалаларында жастар орталықтары бар. Олар жастармен ізгі істер жүргізіп жүр. Жастар проблемаларын шешуде жастардың өздері белсенділік, бастамашылдық, жаңашылдық танытулары керек» дей келе, аудандық БДШС бөлімі жастарға мамандық таңдауда, дұрыс шешім қабылдауда жұмыс жүргізсе деген тілегін атап айтты. Есеп беру жиынын қорытындылаған аудан басшысы Хамит Нұрланұлы, аудан халқын бірлікке, алда атқарылар істерді

бірлесе жүргізуге ел болып, халық болып жұмыла жұмыс жасауға шақырды.

Сонымен, аудан әкімінің де өткен 2014 жылы атқарылған, алда атқарылатын жұмыстары туралы есебі де өтті. Жылқы жылы жүзеге асырылған жұмыстар айтарлықтай, ал атқарылатын шаруа одан да көп. Қой жылы қуанышты тойлар мол болмақ. Қазақ тарихымен тығыз байланысты киелі Ұлытау өңірінің өркендеп, гүлдене түсеріне аудан тұрғындары көміл сенеді. Тек ел сеніміне селкеу түспей, үміттері ақталса игі. Өлбетте, бұл – ел тізгінін ұстаған ер-азаматтардың ар-ождандарына тікелей қатысты. Ел сенімінен шығу – «елім» деп, «жерім» деп жүрген әрбір азамат үшін серт қой қашаннан!

Суреттерде: аудан әкімінің есеп беру жиынында. Суреттерді түсірген Альмира ОСПАН.

отырмын. Менің бір байқағаным, өткен жылдарға қарағанда түйткілді мәселелер азайған сияқты. Мұның басты себебі – аудан бас-

Елбасы Жолдауы – іс жүзінде

ҚОРДЫҢ ЖОЛДАУЫ ОМАҚТЫ



Қазақстан халқына Жолдауында Елбасымыз агроөнеркәсіп кешенін инновациялық жолға бағыттаудың маңыздылығын атап өтті. Және «болашақ – аграрлық саласында, негізінен, шағын және орта бизнес формасындағы жаңа өңдеу кәсіпорындарды құруында» деп айқын көрсеткен болатын. «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қарағанды филиалы (әрі қарай – Қор) ауылды жерлердегі кәсіпкерлікті дамыту бойынша мемлекеттік институты болып табылады және өз қызметін Елбасымыздың ойларын жүзеге асыруға бағыттайды.

2005 жылдан бастап біздің ұйым ауылдық шағын несиелеу арқылы ауыл тұрғындарының қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттыру бойынша қызмет атқарады. Жалпы, 2005 жылдан 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін Қор тарапынан 4,6 млрд.теңгеге 4357 несие берілді. Оның ішінде 2014 жылы – 1,5 млрд.теңгеге 555 несие берілді. 2005 жылдан бастап Қор арқылы берілген несиелердің арқасында жұмыспен 4 мыңнан астам адам қамтылды, оның ішінде 2014 жылы 500-ден аса адам. Бүгінгі таңда Қордың несие қоржыны 3,1 млрд.теңгені құрып, 1473 белсенді қарыз алушыны қамтиды.

Қор ауыл кәсіпкерлерін шағын несиелеу бойынша негізгі институт болып табылады. Өткен жылы ауылдық кәсіпкерлікті шағын несиелеу нарығында Қор өзіндік келесі 7 бағдарламаны іске асырды. Олар: «Кәсіпкер», «Монокалаларды дамыту», «Жұмыспен қамту-2020» «Мурабаха», «Ырыс», «Егінжай», «Жылыжай», «Сүт қабылдау пункті». Барлық қаржыландырылған жобалардың үштен бір бөлігін әйел кәсіпкерлер жүзеге асыруда. Қордың өнімдік желісі ауыл кәсіпкерлерінің барлық қызмет түрлеріне арналған мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, өнімді өңдеу. Бұған қарамастан, қаржылық қызметтеріміз клиенттердің сұраныстарына, мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жыл сайын өзгеруде.

ҚР Президенті Қазақстанның ет

және сүт өнімдерін шығару бойынша ірі аймақтық экспортерге айналуы тиістігін бірнеше рет атап өткен болатын. Өз Жолдауында рентабельдігі төмен дақылдарды өңдеуден көкөніс, майлы дақылдар мен жемшөп өңдеуге көшу қажеттілігін де айтады. Елбасының осы тапсырмаларына сәйкес Қор 4 жаңа несиелік өнімді енгізді.

Сүт саласын дамыту мақсатында отбасылық сүтті-тауарлы фермаларды құру және сүт қабылдайтын бекеттерді ашуға бағытталған «Ырыс» бағдарламасы әзірленіп, өз жұмысын бастады. Бұл бағдарлама фермерлерге техника мен технологияларды жаңартуға, сүтті, асыл тұқымды мал сатып алуға, сүт қабылдау бекеттерін ашуға мүмкіндік береді. Жобаларды жүзеге асыру жеке шаруашылықтардан сүтті жинап, сүт өңдеушілердің қуаттылығын арттырып, инновациялық технологияларды пайдаланатын сүтті-тауарлы фермаларды құруға, олардың тиімділігі мен сүттің сапасын көтеруге, елімізге сүт өнімдерінің импортын азайтуға бағытталады. Былтырғы жылы біз 2 отбасылық сүтті-тауарлы ферма мен 3 сүт қабылдайтын бекетті іске қостық. Мәселен, «Ырыс» бағдарламасы бойынша Абай ауданына «Байқожа» фермерлік қожалығы 100 бас асыл тұқымды аналық ірі қара және керек техника мен технологияларды алды. Шет ауданына қарасты «Ақбұлақ» шаруа қожалығы 50 бас асыл тұқымды аналық ірі қара және МТЗ тракторын алды.

Одан бөлек Шет ауданына қарасты Жұмыскер ауылында, Осакаров ауданына қарасты Тельман ауылында және Абай ауданына қарасты Ақбастау ауылында сүт қабылдау пункттері ашылды. Бір сүт қабылдау пункті күніне ауыл тұрғындарынан 1000 литрге дейін қабылдап, сүт өндіру фабрикасына тапсырады.

Ұзақмерзімді қаржыландырудан басқа, жоғарыда аталған несиелеу бағыттары бойынша мемлекет тарапынан сыйақы үстемелерді субсидиялау, фермерлердің инвестициялық шығындарын субсидиялау қарастырылған. Осыған дейін агроөнеркәсіп кешені мұндай қолдау алмаған болатын. Ағымдағы жылы жаңа бағдарламаларды есептегенде, Қор тарапынан фермерлер мен ауылдық кәсіпкерлікті қолдауға 1,5 млрд.теңгеге жуық ұзақмерзімді несиелер бөлінеді деп күтілуде. Оның ішінде «Ырыс» бағдарламасы бойынша 6 отбасылық сүтті-тауарлы фермаларды құру, 1 сүт қабылдау пунктінің ашу жоспарланған. Мысалы, «Ырыс» бағдарламасы бойынша 100 бас асыл тұқымды аналық ірі қара малдың әр басын 350 мың теңгеге, жалпы сомасы 35 млн.теңгеге алатын болсаңыз, Үкімет оның әр басына 154 мың теңге, жалпы сомасы 15,4 млн.теңге болатын субсидия береді және сатып алынған техникалар мен жабдықтарға (сауын аппараттары, трактор, т.б.) берілетін 23,8 млн.теңгенің 50 пайызын мемлекет тағы субсидия ретінде қайтарып береді. Одан бөлек 11 пайыз несиенің 7 пайызын мемлекет субсидия ретінде төлеп отырады.

Әр уақытта Қор өз қызметін ауылдық кәсіпкерлікті дамытып, еліміздің агроөнеркәсіп кешенін тұрақты және тиімді етуге дайын.

Б.ТОРҒАЕВ,
«Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ
Қарағанды филиалы директоры.

Қарттарым, аман-сау жүрші

ЕКІ ҒАСЫРДЫҢ КҮӘСІ



Рахымжан Әбісейтов екі ғасырдың куәсі. Ол кісі 1926 жылы Кеңгір өзенінің бойында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Кешегі қолдан жасалған алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді көзімен көріп, басынан кешірген жан. Бүгінде қазыналы қарт 89 жасқа келіп, немере, шөбере сүйіп, солардың қызығын көріп отырған абзал ата.

— Ол кезде біздің ауыл әуелі «Серіктестік» болып құрылды. Одан кейін «Мырзоян» ТОО-ы болды. Осы шаруашылықтардың жұмысына

ата-аналарымыз тынымсыз араласты. Мен «Қызыл коммуна» колхозы болғанда колхоз жұмысына жастай араластым. Сұрапыл соғыс жылдары 15 жасымнан бастап колхоздың бір мүшесі болып қисапсыз қиындыққа төзіп, еңбек еттім. Еңбегіме қарай сыйлықтар алып тұрдым. Еліміз жеңіске жетіп, қуанышқа бөлендік. 1957 жылы Қаракеңгір совхозы құрылғанда МТМ-де слесарь болып 8 жылдай еңбек етіп, 1975 жылы шопан болып 18 жыл еңбек еттім. Жақсы көрсеткіштерге жетіп, аудандық, облыстық Құрмет грамоталарымен марапатталдым. 1992 жылы зейнеткерлікке шықтым. Алла, біздің көрген қиындықтарымызды ұрпақтың басына бермесін,—дейді Рахаң.

Рахымжан Әбісейтов егемен ел, тәуелсіз мемлекетіміздің еліне еңбегі сіңген бақытты қариялардың бірі. 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп-өсіріп, қазір сол балаларынан 24 немере, 25 шөбере сүйіп отыр. Жекешелендіру саясатын қолдап, «Қызыл үй» деген жерден жеке шаруашылығын құрған, оны «Асыл» деп атаған. Қазір бұл шаруашылықты Асылжан, Қонай деген балалары басқарып, шаруасын шалқытып отыр. Негізінен мал өсірумен айналысады. Олар ҚР-ның Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауындағы басым бағыттарды жүзеге асыруға үлес қосуда жоғары көрсеткішке жетіп жүр. Енді «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын қызу мақұлдап, оны жүзеге асыруға лайықты үлес қосуға күш-жігерлері мен білімдерін жұмсауда.

—Елбасымыз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қажетті жағдайлардың бәрін жасауда. Біз Мемлекет басшысына шексіз алғысымызды айтамыз,—дейді олар. Ал, Рахаң болса балаларының ақылшысы, ауылдың ардақты ақсақалы. Ол кісі осы заманды көргеніне дән риза. Елбасына айтар алғысы шексіз. Үнемі елге бірлік, береке, Елбасымызға амандық тілеп отыратын тілеуқор қарт. Ел тілеуін тілеп отыратын ақсақалымызға жуырда аудан әкімі Алғыс хат тапсырып, тиісінше сый-сияпатын да жасады.

М.МАШАЙЫҚҰЛЫ.
Қаракеңгір ауылы.

ЖЕҢІЗ ТОМДЫҚТЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

30 қаңтар, 2015 жыл. Қарағанды қаласындағы С.Сейфуллин атындағы драма театрында «Сарыарқа кітапханасы» сериясымен шыққан ақын-жазушылардың 100 томдық кітаптың тұсаукесері өтті. Салтанатты жиынға Мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Алдан Смайылов, Халық қаһарманы, батыр Тоқтар Әубәкіров, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай, белгілі жазушы Серік Қирабаев, «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп, облыстық ақпарат құралдарының басшылары, облыс әкімі Н.Әбдібеков, қала, аудан әкімдері, 100 томдыққа шығармалары кірген авторлар, еңбек ардагерлері қатысты.

Жиналғандарды облыс әкімі Н.Әбдібеков құттықтады. Бұдан кейін белгілі жазушы С.Қирабаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Смайылов, Мемлекет және қоғам қайраткері О.Әбдікәрімов, Халық қаһарманы, батыр Т.Әубәкіров, ҚР Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары Ғ.Жайлыбай, т.б. құттықтау сөз сөйледі.

Бұдан соң С.Сейфуллин атындағы драма театрының әртістері есте қаларлықтай тартымды концерт қойды.

М.МАШАЙЫҚҰЛЫ.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТА ЖАСТАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Үстіміздегі жылдың 27 қаңтарында аудандық мәслихаттың хатшысы Т. Сейтжановтың төрағалығымен жиналыс өтті. Онда аудан жастар туралы мәселе қаралды.

Жиналысқа аудан әкімінің орынбасары Б.Ақышбеков және мекеме, бөлім басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Аталған жиналыста, Т. Сейтжанов ауданның ішкі саясат бөлімінің басшысы Алмат Сакиповқа, аудандық жастар орталығының басшысы Т. Талиповаға облыстық мәслихаттың сессиясында «Қарағанды облысы жастарын отансүйгіштікке және рухани адамгершілікке тәрбиелеу жағдайы және оны одан әрі күшейту шаралары туралы» мәселе қаралуына байланысты Қарағанды облыстық мәслихатының аталған тақырыпқа сәйкес берген жадынамасына байланысты аудандағы жастар мәселесі туралы ақпарат дайындау



жөнінде тапсырма берді. Сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары Берік Ақышбеков аталған мәселеге толыққанды мәлімет дайындау керектігі және осыған тікелей жауапты етіп ауданның ішкі саясат бөлімінің басшысы А. Сакиповқа жүктеді.

А. Сакипов берілген тапсырманы мерзімінде орындайтынын және

жадынамаға сәйкес тиісті мекемелердің ақпаратты сапалы, уақытылы беруін сұрады. Айта кетерлік, бұл мәселе облыс деңгейінде бірінші рет көтеріліп отырған ауқымды мәселе.

Д. ЖҰМАНОВ,
аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы.

2015 жыл — Қазақ хандығының 550 жылдығы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие», деп атап көрсетті. Тәуелсіздігінің ширек ғасырға жуық жаңа шежіресінде өркениеттік даму үрдісімен төрткүл дүниені таңдандырған Қазақстанның мемлекеттігі кейбіреулер айтқандай кеше ғана басталмаған. Оған Мемлекет басшысының 2014 жылғы 22 қазанда Астана қаласы активімен кездесуіндегі: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттігінің тарихы сол кезден бастау алады», деген сөзі дәлел. Осыған орай төл тарихын білгісі келетін қалың оқырманға Қазақ хандығының төрт ғасырлық шежіресінің елеулі кезеңдерінен сыр шерткен қысқаша танымдық шолуды ұсынып отырмыз.

Қос қанат

Осыдан бес ғасырдан астам уақыт бұрын Көк Орда билеушісі Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр ханға бағынудан бас тартып, Шу өзенінің бойындағы Қозыбасы атты қоныста дербес хандықтың туын көтерді. Еркіндік аңсаған елін азаттық ұранымен жігерлендірген батыр бабаларымыз Керей мен Жәнібек жаңа бір ұлыстың дербестігін жариялап, жаңғырған қазақ этносының атауын алған тарихта тұңғыш тәуелсіз Қазақ хандығын құрды. Атақты тарихшы Мұхам-

дары билеген. Есім хан Шығай ханұлы 1598-1628 жылдары билеген. Жәнібек хан Есім ханұлы 1628-1643 жылдары билеген. Салқам Жәңгір хан Есім ханұлы 1643-1652 жылдары билеген. Батыр хан Бөлекей сұлтанұлы 1652-1680 жылдары билеген. Тәуке хан Жәңгір ханұлы 1680-1715 жылдары билеген. Қайып хан Хысырау сұлтанұлы 1715-1718 жылдары билеген. Болат хан Тәуке ханұлы 1718-1729 жылдары билеген. Әбілмәмбет хан Болат ханұлы 1729-1771 жылдары билеген. Абылай хан Көркем Уәли сұлтанұлы 1771-1781

тайда, Ертіс бойында, Зайсан көлінен Ом және Тобыл өзендерінің аңғарларына дейінгі ұлан даланы жайлап жатты. Сібірден Сыр бойына, Ертістен Жайық атырабына дейінгі жарты әлемді алып жатқан қазақ тайпаларының арасында қыпшақтардың орны ерекше еді. Тіпті, сонау XIII ғасыр тарихшыларының деректерінде Алтын Орда хандары «Қыпшақ патшалары» деп аталды. Алтай тауларынан Дунайға дейінгі ұлан-ғайыр аймақты түгел қамтыған Алтын Орда атты алып мемлекеттің еуропалық бөлігі – оң қанат, ал азиялық бөлігі – сол қанат деп есептелген еді. Атақты қаламгер Мұхтар Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегінде: «Алтын Орданың оң қанаты – Ақ Орда, сол қанаты – Көк Орда деп аталады. Бұл арада көне түрік тілінде ақ сөзі – батыс, көк сөзі – шығыс дейтін мағына беретінін айта кету керек. Сондықтан совет тұсындағы кейбір тарихи еңбектердегідей бұл екі орданың орнын шатастыруға болмайды. Алтын Орданың шығыс бөлігі, яғни Көк Орда негізінен қазіргі Қазақстан Республикасының территориясын қамтыды» деп тұжырымдайды. Осындай құрылымдар еліміздің батыс өңірінде де құрылып жатты. Әрине, оның бәрін тізбелеп жату газет мақаласының аясына сыймайды. Ендеше, сайын дала ешқашан иесіз жатқан емес. Кешегі отаршылдық езгі есімізді алып, бодандық

Көк Орданың іргесі сөгіліп, оның орнына Әбілқайыр хандығы мен Ноғай одағы құрылды. Жошыдан тараған Шайбани бұтағынан шыққан Әбілқайыр хан билік құрған жылдарында қол астындағы халықты алалап, Орта Азияның отырықшы аймақтарына бүйрегі бұрды. Бұл Орда – Ежен, Тоқай-Темір әулеттерінен тараған тұғыры берік сұлтандарға ұнамады. Ұзақ уақыт толассыз жүрген қантөгіс соғыстар мен ішкі билікке таласқан қырқыстар Әбілқайыр хандығының іргесін шайқалтты, халықты ауыр күйзеліске ұшыратты. Ауыр тауқымет тартқан халық бейбіт өмірді, Әбілқайыр ханның үстемдігінен құтылып, тәуелсіз тіршілік етуді арман етті. Қазақ халқы ашық азаттық айқасына шықты. Міне, нақ осы тарихи сындарлы шақта Көк Орданың атақты билеушісі Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайырдың үстемдігіне қарсы көтерілген қазақ тайпаларының көсеміне айналып, тәуелсіздік жолындағы қасиетті майданға шықты. Қалың қазақ тайпаларын бастап Батыс Жетісуға қоныс аударған Керей мен Жәнібек Моғолстан ханы Есенбұғадан (1434-1462 ж.ж.) қоныс сұрады. Есенбұға жауынгер қазақтарды Әбілқайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берді. Керей мен Жәнібек осы жерде Қазақ хандығын құрды. Мұхаммед Хай-

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

мед-Хайдар Дулатидің қалдырған нақты деректеріне сүйене отырып, тарихшы-ғалымдарымыз Қазақ хандығының құрылған кезі 1465 жылы болғанын белгіледі.

Алғашқыда Керей мен Жәнібек сұлтандардың соңына еріп, қазақ болып бөлінген халықтың саны екі жүз мың адам екен. Сол заман үшін бұл санның да көп халық болғанымен, байтақ ұлысты жайлаған қазақтардың қандастары бұдан сан есе артық болатын. Шу бойына ту тіккен жаңа хандық біраз орныққаннан соң бүкіл Көк Орда жерін түгел қайтару жолындағы жорықтарын бастады. Сонымен 1465 жылы атамекенімізде тұңғыш рет Қазақ хандығы атты тәуелсіз мемлекет дүниеге келіп, бүгінгі біртұтас қазақ халқының негізі қаланды. Қазақ ордасы құрылғанда алдымен жасы үлкен Керей сұлтан ақ киізбен хан көтеріліпті. Одан кейін Жәнібек хан билік құрды. Тарих сахнасына шыққан біртұтас Қазақ мемлекетінің ұлттық ұраны – «Алаш», мемлекеттік Елтаңбасы – «Төре таңба», яғни көне түрік заманынан келе жатқан бас таңба. Бас байрағы – төре таңбалы қызыл ту, Астанасы – қасиетті Түркістан қаласы болды.

Қазақ хандығының төрт ғасырға созылған шерлі шежіресінде жиырмадан астам хан билік құрған екен. Ел билігін қолға ұстаған бұл тарихи тұлғалардың талайым тағдырлары да сан қилы, билік құрудағы қабілеттері де әр деңгейде болды. Мемлекет іргесін нығайтып, туған халқының мәңгілік сүйіспеншілігіне бөленгендері де, елін тоздырып, дұшпанға таба қылғандары да жоқ емес. Бірақ олардың бәріне ортақ бір қасиет – өз замандарының қалыптасқан жағдайларына байланысты қал-қадірінше хандық туын жықпауға тырысты. Төрт ғасыр Қазақ хандығының билігін ұстаған тұлғалар мыналар еді:

Керей хан Болат сұлтанұлы 1465-1474 жылдары билеген. Жәнібек хан Барақ ханұлы 1474-1480 жылдары билеген. Бұрындық хан Керей ханұлы 1480-1511 жылдары билеген. Қасым хан Жәнібек ханұлы 1511-1522 жылдары билеген. Момыш хан Қасым ханұлы 1522-1523 жылдары билеген. Тайыр хан Әдік сұлтанұлы 1523-1533 жылдары билеген. Бұйдаш хан Әдік сұлтанұлы 1533-1538 жылдары Жетісу өңірін билеген. Тоғым хан Жәдік сұлтанұлы 1533-1537 жылдары билеген. Ахмет хан Жаныш сұлтанұлы 1533-1535 жылдары Сырдария маңын билеген. Хақназар хан Қасым ханұлы 1538-1580 жылдары билеген. Шығай хан Жәдік сұлтанұлы 1580-1582 жылдары билеген. Тәуекел хан, Шығай ханұлы 1582-1598 жыл-



жылдары билеген. Кенесары хан Қасым сұлтанұлы 1841-1847 жылдары билеген.

Иә, төрт ғасыр бойы дәуірлеген Қазақ хандығының тарихында нелер болмады. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап» қалың қазақ мамыра-жай тірлік кешкен дәуірлеу кезеңі де, жау жағадан алғанда, бөрі етекпен тартып кең сахараны бұлт торлап, ер етікпен қан кешкен күйзелген кезеңдер де өтті. Енді бүгінгі тарихшылардың, зерттеушілердің, қаламгерлердің әр кезеңде жарық көрген деректі дүниелеріне сүйене отырып, сол бір аумалы-төкпелі төрт ғасырлық тарихи шежірені санамызда саралап, тағы да бір зерделеп өтейік. Көнеден келе жатқан небір тарихи деректерде бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасы алып жатқан ұлан-ғайыр аймақ ежелден-ақ қазақ халқының этникалық негізі болып табылатын қазақ тайпаларының атамекені болатын. Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында (XIV-XV ғасырларда): үйсіндер өздерінің байырғы заманнан бергі мекені – Жетісу өңірінде, дулаттар – Іле, Шу, Талас өзендерінің сағаларында, Ыстықкөлдің оңтүстігін, Оңтүстік Қазақстандағы «Отырап жасыл алқабын», қаңлылар – Қаратау баурайын, орта Сырдария мен Жетісудың батыс бөлігін, арғындар – Ертістен батысқа қарай Орталық Қазақстанды, Сырдарияның алқаптарын және Жетісудың батысын, наймандар – Ұлытаудан Есілге дейінгі аймақтарда, қоңыраттар – Түркістан мен Қаратау өңірлерін, керейлер – Тарбағ-

бұғауында болған соңғы ғасырлардағы «аға халық» өкілдері санамызды улап, миымызға сіңдірмек болғандай «бұратана халық, тексіз, мемлекетсіз, жалпақ даланы малша жайылып жүрген жабайы тайпалар» емес екенбіз. Сан ғасырлар бойы дәуірлеген мемлекеттерімізді жоққа шығарып, тарихи шындықты қасақана бұрмалаудан ештеңе шықпады. Жалпы, жалғандықтың құдіретті уақыт алдында дәрменсіз екендігін тарих тағы дәлелдеді.

Осы орайда ойымызды жинақтай айтсақ, бүгінгі азат алаш елінің түп қазығы – көне Түрік қағанаты, Алтын Орда – одан кейінгі бабаларымыз орнатқан ұлы мемлекетіміз, Көк Орда қазақ жұртының этникалық бірлігінің бастауында тұрған қазаққа ғана тиесілі мемлекет болса, Қазақ хандығы халқымыздың есімімен көрінген, этнос ретінде түбегейлі орнықтырған тәуелсіз мемлекеттік құрылымымыз. 1428 жылы Көк Орданың билеушісі Барақ хан опасыздың қолынан опат болды. Өз заманының тарихшылары ақылды, қайсар да батыл әмірші деп бағалаған. Барақ өмірінің барлық күресін Көк Орданың қуатын арттыруға арнады. Ол өзі билік құрған кезде бұл мақсатын орындады. Осы әміршінің кезінде Көк Орда мүлде дербес мемлекет ретінде танылды.

Барақ ханның қазасынан кейін біржола ыдырауға бет бұрған Алтын Орданың шығыс бөлігіндегі елдің де ішіне іріткі кіріп, билікке таласқан сұлтандар мемлекет бірлігінің тамырына балта шапты.

дар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай делінеді: «Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шетіндегі Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді...». Тәуелсіздіктуын көтеріп, дербестігін паш еткен Қазақ хандығының атағы шығысымен-ақ Дешті Қыпшақ жұрты Әбілқайыр ханның қыспағынан құтылып, бөгетін бұзған тасқын судай ағылып, жаңа хандыққа қосыла бастады. Әбілқайыр хан өзіне қарсы шығып, дербес хандық құрған қазақтарға қылышын қайрап, жойып жіберуді көздеді.

1468 жылы қыс айында Әбілқайыр хан Қазақ хандығын жойып жіберу үшін ұзақ дайындалған жорығына аттанды. Бірақ оның қалың әскері Қазақ хандығына қарсы соғысқа құлықсыз еді. Олар іштей азаттық аңсаған халықтың қасиетті күресіне жақтас болатын. Өйткені, олар да Керей мен Жәнібектің туы астындағы жұрттың қандастары – бір халық өкілдері, бәрі бір Алаштың ұлдары еді. Сөйтіп, Әбілқайыр ханның бұл жорығы дйттеген жеріне жете алмады. Күтпеген жерден алапат суық соғып, әскердің жолын бөгеді. Сол жерде Әбілқайыр ханға кенеттен кесел жабысып, қайтыс болады. Әбілқайыр өлген соң оның әскері тарап кетеді. Оның елінде қиян-кескі тақ таласы басталып, хандық ыдырай бастайды. «Әбілқайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті» (Мұхаммед Хайдар Дулати, «Тарих-и-Рашиди»).

Иә, осы бір тағдыр тартқан тиімді жағдайды қазақ хандары Керей мен Жәнібек дер кезінде, барынша пайдаланды. Олар дереу атқа қонып, өздері осыдан біраз жыл бұрын еріксіз тастап кеткен атамекені – Дешті Қыпшаққа қайта оралды. Еркіндіктің қасиетті туын көтеріп, не өлу, не жеңу күресіне шыққан қазақ халқының тұңғыш хандары, жаужүрек көсемдері Керей мен Жәнібек Әбілқайыр ханның мұрагерлеріне қарсы бітіспес соғысты бастады. Халықтың шексіз сеніміне ие болған және азаттық жолындағы адал күресте парасаттылықтарын таныта білген қазақ хандары бастаған істерінің ақ екендігін аз уақытта дәлелдеп, ірі табыстарға жетті.

Жылқыбай ЖАҒЫПАРҰЛЫ.

«Егемен Қазақстан» газетінен.
(Жалғасы бар).

Білім ордаларында

Адамзатты дұрыс қалыптастыру үшін балаларды оқытумен қатар, ақиқатты танытып, рухани өсуіне көмектесу керек...


М.Әуезов.



БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАР

Ұрпағымызды білімді, парасатты бойында азаматтық намысы бар, елін, жерін сүйетін азамат етіп өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық дамудың негізін келешек ұрпақ тәрбиесіне бағыттауымыз керек. Міне, осы бағытта біздің №10 Борсеңгір орта мектебінде «Өркениет» гуманитарлық пәндер әдіс бірлестігінің онкүндігі өтті. Онкүндіктің алғашқы күнін әдіс бірлестік жетекшісі Ләззат Кошанова онкүндік жоспарымен таныстырып, тақтаға сөзжұмбақтар, ребустар, рефераттар ілініп қойылды. Тарих пәні мұғалімі Ләззат Кошанованың «Білімді мыңды жығар»

Бағира Шегебаева «Ұрпағыма өсиет» атты поэзия кешін өткізді. Кеш ұлағатты ұстаз, іскер басшы, ақын Мыңқаев Мінажат атамызға арналды. Мінажат атамыздың шығарған өлеңдерін оқушылар мәнерлеп оқып берді. 9-сынып оқушылары Әбдірахман Қайырман, Бақыт Жахангер, Камарбай Ернұр, Таңатар Қаламқас, 8-сынып оқушылары Аманкелді Диана, Қонысбай Жанерке, 11-сынып оқушылары Камарбай Мариям, Тыныштықбай Назерке, Қонысбай Жанерке аталарының өлеңдерін оқып берді. Қанапия Әлия мен Құрал Ерболсын аталарына арнап шығарған өлеңдерін оқыды.



атты интеллектуальды сайыс өткізді. Сайыс «Бәйге», «Тіл-өнер», «Ғажайып жетеу», «Тапқырлық», «Жорға» бөлімдерінен тұрды. Сайысқа Қыстаубай Қайырман, Өмірзақ Алмат, Камарбай Мариям өз білімдерін сынасып, мәреге Камарбай Мариям жеңіп шықты. Оқушылар аздаған сыйлықтармен марапатталды.

Мектебіміздің психологы Несіпкүл Исмаилова «Адамгершілік қағидалары» атты пікір сайыс өткізді. «Адамгершілік бастауы неде?», «Ана өсиеті», «Маржан сөздер сыр шертеді», «Мақал сөздер», «Құпия хаттар» бөлімдері арқылы оқушыларға слайдтар көрсетілді. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Әдептілік – тәрбие бастауы», «Сыйласаң – сыйлы боларсың», «Қайырымдылық-жылы жүректен» атты тақырыптарда оқушылар пікір алмасты.

Ағылшын тілі мұғалімі Бейсенкүл Исакелдинова «Ағылшын тілін үйренейік» атты сайыс өткізді. Оқушылар екі топқа бөлінді. Сайыс үш бөлімнен тұрды. Оқушылар білімдерінен сынасты. Сайыс соңында оқушылар марапатталды. Қазақ тілі пәні мұғалімі

Бағира мұғалім интерактивті тақтадан Мінажат мұғалімінің суреттерін көрсетті. Кеш тартымды, қызықты болып өтті.

Тарих пәні мұғалімі Құралай Жәнібекова «Білім шыңына шығайық» атты интеллектуальды сайыс өткізді. Сайыс «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «Шөлқандырар», «Тақымқысар», «Нартәуекел» атты бөлімдерден тұрды. Сайысқа екі топ қатысты. Азия қырандары алға шығып, жеңіске жетті. Оқушылар марапатталды.

Тарих және құқық пәні мұғалімі Ләззат Кошанова «Миллион кімге бұйырады?» атты сайыс өткізді. Сайысқа әр деңгейге байланысты сұрақтар қойылды. Сайысқа Әшмұқан Сәбира мен Қонысбай Жанерке қатысты. Миллион Әшмұқан Сәбираға бұйырды. Онкүндік соңында әдіс бірлестік жетекшісі пән мұғалімдеріне алғысын айтып, еңбектеріне жеміс, табыс тіледі. Алдағы уақытта да осындай апталықтар бола береді, өз үлесімізді қоса береміз.

**Л.КОШАНОВА,
«Өркениет» әдіс
бірлестігінің жетекшісі.**

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА АСЫҒАЙЫҚ!

2014-2015 оқу жылының 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында жалпыға бірдей білім беру айлығы барысында республикалық «Қамқорлық» акциясы №8 Егінді орта мектебінде де жүріп өтті. Акцияның басты мақсаты – балаларды оқуға тарту, ата-аналарына көмек беру, қолдау көрсету.

Әкімшілік ғимаратына және мектепке акция логотипері ілінген болатын. Қайырымдылық жасауға жомарт жандар акцияға қатысты. Қазақ халқы қашаннан да ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән берген. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған, көпбалалы отбастарына қайырымдылық жасау, көмек қолын ұсыну ауылдық жерлерде жолға қойылған. Бүгінгі бала-ертеңгі елдің болашағы. Әрбір бала өзіне қажетті білім алуға құқылы. Балалардың қажетті білім алуына материалдық қажеттіліктердің жетіспеушілігін болдырмау да акцияның мақсаты.

Акция мектебімізде 7-8 жыл бойы үзбей жалғасын тауып келеді. «Жақсылық жасауға асығайық!» деген Үндеумен ауылымыздың шаруа қожалық иегерлері жыл сайын акцияға қатысып, үлестерін қосуда. Атап айтар болсақ, «Кеңгір» шаруа қожалығының иегері Бекболат Нұржанов 10000 (он мың) теңге және «Еркін» шаруа қожалығының иегері Дастан Мұқанов 5000 (бес мың) теңге көлемінде материалдық қолдау көрсетті. Бұл кісілер жылда қатысатын жаны жайсаң жомарт жандар. Биылғы жылы мал дәрігері Сансызбай Башанов 5000 (бес мың) теңге көлемінде, мектеп

дирекциясы мүшелері мен сынып жетекшілері оқушыларға материалдық көмек көрсетті. Мектеп басшысы Венера Аманкелдіқызы жас жеткіншектерге шарапаттарын тигізудегі «Қамқорлық» акциясына мүдделі түрде атсалысып, қолдау көрсеткен азаматтарға мектеп ұжымы атынан рахмет айтып, шын жүректен алғыс білдірді.

Алдағы уақытта да жаны жомарт әрбір қазақстандық азаматтар осы игі шараға өз үлестерін қосып, балаларға жүрек жылуын ұсынса дейміз. Себебі, жақсы сөз бен жан жылуы ең қуатты құрал. Келешекте мұндай халықтық сипатқа ие болар шаралар әлі де жалғасын табады деген ниеттеміз.

**Гүлбану ХАМИТҚЫЗЫ,
№8 Егінді орта мектебі
оқу-тәрбие ісінің
менгерушісі.**

МАМАНДЫҚ – ӨМІР ТАҢДАУЫ

Адам өзінің болашақ мамандығына әртүрлі жолдармен келеді. Біреулер үшін ол алға қойған мақсаты, арманы, келесі біреулер үшін жаңашылдыққа талпыну, үшінші біреулер үшін әйтеуір бір мамандық алу керек болады. Мамандық таңдау үшін адам алдымен өз-өзіне сұрақ қоя білуі керек. Өзіне «Мен кімін?», «Менің негізгі мақсатым қандай?», «Еліме, жеріме қандай үлесімді қоса аламын?» деген сұрақтарға жауап іздеуі керек. Екінші ұстаз Әбунасыр әл-Фараби «... адам кез-келген жұмысқа жарамды бола бермейді... жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахмет табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады» деген.

Мектебімізде 15 қаңтар күні 5-7 сыныптар арасында «Мамандық – өмір таңдауы» деген ашық тәрбие сағаты өтті. Ашық тәрбие сағатының мақсаты — «Мамандық» құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру. **Міндеттері:** - мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту; - мамандық таңдауда оң

шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу; - еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

Ашық тәрбие сағатына әр түрлі мамандық иелері кездесуге шақырылды. Бас дәрігер – Жұмаш ағай, медбике – Айгүл тәте, мал дәрігері – Сансызбай ағай, элек-трик – Қапаш ағай, полиция қызметкері – Шахзада ағай, мәдениет саласынан – Гүлсім тәте, кәсіпкер – Гүлнұр тәте, мұғалім – Төкен мұғалім. Әр түрлі маман иелерімен оқушылар арасында жақсы кездесу өтті. Кездесуге оқушылар әр түрлі мамандықтардың қыр-сырымен танысып, қаншалықты қызықты екенін білді. Оқушылар өздерінің мамандық туралы, мамандық таңдаудағы өз пікірлерін айтты. Одан соң «Мамандық таңдау – жүрек қалауы» бөлімі болды. Бұл бөлімде қонақтарымыз өз өмір тәжірибелерімен бөлісіп, өз мамандықтарының қыр-сырын түсіндіріп, бағыт-бағдар беріп, өз мамандықтары туралы ой-пікірін айтты. Оқушыларға психологиялық сәт деп аталатын ойын ойнатылды. Оқушылар өздеріне ұнаған геометриялық фигураларды таңдауы керек болды. Әр фигураны таңдай

отырып, өздерінің қабілет, қасиеттерін білді. Келесі кезеңі «Менен сұрақ, сенен жауап». Бұл кезеңде оқушылар дайындап қойған сұрақтарын қонақтарға қойды. Келесі кезең «Ең... ең... жақсы» деген ойын болды. Бұл кезеңде ең жазыл, ең жауапты, ең күлкілі, ең тәтті мамандықтар анықталды. Соңғы кезең «Жағдаяттық сұрақтар» болды. Оқушыларға әртүрлі жағдаяттық сұрақтар қойылды. Оқушылар бұл жағдаяттық сұрақтарға да өте жақсы жауап берді. Бұл ашық тәрбие сағатынан кейін оқушылар өздерінің ұнаған мамандықтарына одан сайын сеніммен қарай бастады. Мамандық таңдау — өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді.

**Н. ИБАДИЛДИНА,
№8 Егінді орта мектебі
ағылшын тілі пәнінің
мұғалімі.**

МӘҢГІЛІККЕ ӨЛМЕСТЕЙ ӘН ҚАЛДЫРҒАН

Осы ауылдың ауасын жұтып, осы жердің суын ішіп жүрген соң оның тыныс-тіршілігін, салт-дәстүрін, ауыл өмірін бір адамдай білеміз.

Оның ішінде өнер деген шіркін-нің шекпенінен шыққан соң алтын бесік ауылдағы осы бір салаға қолдан келгенше қолғабыс жасап, ақыл-кеңесінді айтып отыру-адам, азаматтық парыз. Сонда байқағаным—ауыл клуб үйінде мезгіл – мезгіл өтіп тұратын көңілді сауық шараларға жергілікті ауыл өнерпаздарын тартудың қатыстырудың анау айтқандай жеңіл шаруа еместігі. Әсіресе, бүгінгідей ұзын арқан, кең тұсау заманда. Ол – осы шараларды ұйымдастырушылардан үлкен кәсіби қабілеттілікті, табандылықты, таланттылықты талап етеді. Әр қатысушылар мен жылы-жылы сөйлесу, үгіт-насихат, қолдау, қолпаштау, мадақтау, марапаттау т.с.с.

Ал жақында Ұлытау ауданы Шеңбер ауылында Шәмші өндеріне арналған «Әнім сен едің» атты шарада мұндай қиындықтардың бірі де байқалмады. Ертерек жа-

салған жарнамадан соң жаңағы жоғарыдағы айтылған ауылдың әмбебап өншілері өн кешіне қатысуға ерекше белсенділік көрсетті. Тіпті жайшылықта бірнеше рет шақырып келтіре алмайтын өнерпаздарды іріктеуге тура келді. Жасы да жасамысы да ынталы. Қысқы демалысқа келіп жатқан студенттерден бастап, бірді-екілі әже атанып қалған ардагер өншілер де төбе көрсетті. Мұны өнер сүйер қауым-ән патшасы Ш.Қалдыаяқовқа деген ауыл халқының кіршіксіз көңілі, оның сыры да сыны да кетпеген ескірмейтін ерекше әндеріне деген үлкен құрмет деп бағалады.

Осылайша шалғайдағы Шеңбер ауылында Шәмші өндері шырқалды. Көрермендер де жақсы жиналды. Өн кеші сайыс түрінде өткен соң, оның жеңімпаздарының анықталуы керектігі айтпаса да белгілі жай. Қазылар алқасы ақылдаса келе 1-орынға ауылдағы жас отау иелері, ерлі-зайыпты Таңжарық – Динара Қондыбаевтарды «Кешікпей келем деп ең» лайық деп тапты, 2-орынды

орта мектептің жас ұстазы Айымкүл Алпысбекова «Дүнген қызы», 3-орынды Жезқазған Медициналық колледжінің студенті Асылан Сауқым «Ана туралы жыр» иеленді. Қалған жеті өнерпазға да арнайы жол-жоралғы жасалды. Айтпақшы, өн кешін ауылдың тағы да бір жас келіні, жас маман Ақнұр Сафарова өз деңгейінде жүргізе білді. Мұзбалақ Мұқағали әріптесі Шәмші Мұхамбетжановқа арнаған бір өлеңінде:

Шәмшіге айтағы да бір
таңдандырсын,
Жындандырсын, жүректі
жандандырсын.
Мәңгі өлмес Махаббатым
айта жүрер
Мәңгілікке өлмейтін ән
қалдырсын,— деген екен.

Әулие ақын айтқандай Мәңгілік ел болуға қадам жасап жатқан Қазақ елі Шәмші өндерімен мәңгілік бірге екендіктерін ауыл өнерпаздары тағы бір дәлелдеді.

**Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.
Шеңбер ауылы.**



ЖЕЗДІДЕ «ЕРЛІК ПЕН ДАҢҚ» АЙЛЫҒЫ БАСТАЛАДЫ

Мұхтар ДӘУІТОВ

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңындағы Мемлекет басшысының Ұлы Отан соғысы ардагерлерін жалпыұлттық қолдау шарасы және соғыс жылдарында «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деп тылдағы ауыр жұмыстарымен Жеңіс күнін жақындатқан апа-әжелерімізді еске түсіріп ардақтау мақсатында «Ерлік пен Даңқ» патриоттық айлығын ауданымыз бойынша бірінші боп 2-ақпан күні Жездіде басталып кетті. Кент әкімі Б.Әбдірайымовтың қолдауымен ұйымдастырылған іс-шараны Тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы және Жездідегі қанаттас қос мектептің ұжымдары белсене атсалысуға кіріскен болатын.

«Ерлік пен Даңқ» патриоттық акциясы айлығының салтанатты ашылуы Жезді №6 орта мектебінің «Жауынгерлік Даңқ» залында басталды. Соғысқа қатысқандарға, майданнан оралмаған ардагерлерге алғаш ескерткіш тақта орнатылған мектеп болуымен де тарихи жағынан игілікті іс-шараның осы білім ордасында басталуының мақсаты зор болды. «Жауынгерлік Даңқ» залында екі мектептің оқушылары әскери киіммен сапқа тұрып, кентіміздегі соғыс ардагері Нығымет Махановты, тыл ардагерлері Тұрсын Жүнісбекова, Совет Құлахметов, т.б. қонақтарды құрметпен қарсы алды. Өнұран айтылып, соғыс құрбандарын еске алу рәсіміндегі минуттық үнсіздік аяқталысымен оқу ордасын ұзақ жылдар бойы басқарып келе жатқан мектеп директоры Тынымкүл Төребайқызы Ахметова осында келіп отырған қонақтарға алғыс білдіріп, бүгіннен басталатын іс-шара айлығының бағдарламасымен таныстырып өтті. Жүргізуші мұғалім Ақнұр Әмірбекова беташар сөзді кент әкімі Б.Әбдірайымовқа берді.

– Қазақстанның түпкір-түпкірлерінде Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерекесі қарсаңында жастарымызды патриоттыққа жетелейтін іс-шаралар басталып жатыр. Сол эстафетаны бүгін алаулата жағып, алдағы күндері ізгілікті акцияны жалғастыра бермекпіз, – деп бастады сөзін кент әкімі. Күн өткен сайын қатары сиреп бара жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ардақтау, олардың Отан қорғау жолындағы жалынды істерін, жанқиярлық ерліктерін жас ұрпаққа ұлағаттау бәріміздің азаматтық парызымыз, әрі міндетіміз. Теледидар, интернеттерге қарап отырсақ, осы қанқұйлы соғысты әр елдің тарихшы-саясаткерлері сан-саққа жүгіртіп, бұрмалауға тырысады. Бірақ та ата-бабаларымыздың соғыстағы ерлігін ешкім жоққа шығара алмайды. Біздің Жездінің тарихы Ұлы Отан соғысына тығыз байланысты. Қысылтаяң жылдары жауға атылған 10 оқтың 8-і Жездіде дайындалған. Жезділіктердің қаһармандығын берік есте

ұстап, осында туылғандарыңды басқаларға мақтанышпен айтуларыңа әбден болады, – деді көздерінен ұшқын шашып, патриоттық сезімге бөленіп тұрған оқушыларға қарап. Ата-әжелеріңнің шеккен қасіретін сендер көрмеңдер, бүгінгі Тәуелсіз мемлекетімізде бақытты өмір сүріп, еліміздің өркендеуіне оқу-білімдеріңмен атсалысыңдар, – деп тұжырымдады сөзін кент әкімі.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері Оразкен Ермағанбетов пен Нариман Бірімжановтар кентіміздегі көзі тірі жалғыз соғыс ардагері Нығымет Махановты құрметпен ортаға алып шығып, ол кісі өз сөзінде: – елімізге қауіп төнгенде қай ұлттың өкілі болмасын жұмылған жұдырықтай болып жауға қарсы тұрдық. Бақытты күндердің

кова апай балалық шағы жайлы ой толғап, білімге құштар болғанымызбен кітап, дәптер, сиядан тапшылық көрдік. Қазіргідей дәптердің мұқабасының сыртында болатын көбейту кестесі жоқ, көбейту амалын әкем үйреткен – дейді. Жалғыз кітапқа бар бала жармаса оқитын-быз. Біздер



де жазатын сия, дәптеріміз болған жоқ. Сияны тікенді шөптің үлбіршегінен қайнатып қолдан жасайтын-быз. Қаламымыз – құстың кәдімгі қауырсыны, дәптеріміз – информбюро хабарын соғыстағы жағдайды жазып жатқан «Социалды Қазақстан» газетінің ағарған шеттері болды – деді. Мектеп оқушыларына кітаптарыңды таза ұстап, дәптерді жыртып, сабақты жақсы оқыңдар! – деп ақылын айтты.

Сөз кезегі келгенде аудандық мәслихаттың депутаты І.Жалбыров: – Елбасы ардагерлердің ерліктерін бағалап, күн сайын олардың қатары сиреп бара жатқандығын ескеріп,



қайтып келмесін – деп баршаға батасын берді. Бұдан соң ортаға шыққан Ә. Әбдіқалықовтың жесірі, «Аптын алқалы» ардақты ана Тұрсын Жүнісбе-

майдангерлер алдындағы қарыз бен парызды парасатты түрде тереңнен түсіндіріп келеді. Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғаны-



на 20 жыл толуына байланысты «Ерлік пен Даңқ» ай-

ге тиек етті.

«Біздің даңқты жерлестеріміз» тақырыбында мұражай қорынан алынған материалдар негізінде бейне-лекцияны мұражай қызметкері Ұрзия Қапарова тартымды жүргізіп, экранда көрсетілген құнды деректермен сәйкестендіре әңгімелеп берді. Мұражайлықтар дайындаған шағын

көрмедегі Ұлы Отан соғысына қатысқандардың жекелеген альбомдағы фотосуреттерімен көпшіліктің назарын аудартып, соғыстан кейінгі өмірдің тылсым тіршіліктерін фотодеректермен айқындап тұрды.

Ұлытаудың құрметті азаматы, тыл ардагері Совет Құлахметов: – Ұлы Жеңіске 70 жыл толғалы отыр. 1945 жылдың 9 мамыры күні шаттық хабарды естіген халық бөркін аспанға атып қуанса, тыныштық орнағанда бүкіл әлем күрсініп алды. Біздердің ата-бабаларымыз 1418 күн менен түндерді қайсарлықпен өткізіп, бар-жігерімен Жеңіске ұмтылған, – дей отырып Қарсақбай әскери комиссариатынан соғысқа шақырылған жерлестеріміздің оққа ұшып, жат жердің топырағында қалғандар, от кешіп аман-сау елге оралғандар саны туралы дәйекті цифрларға тоқталды. Мұндай алапат қырғын соғысты басымызға бермесін – деп аяқтады сөзін.

Кенттегі әйелдер алқасының төрайымы Қуаныш Камалова: – Жеңіс күнін жақындатқан аға-апаларымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі жастарды патриоттық сезіммен ерлікке тәрбиелейтін өлшеусіз өнеге, – деп білеміз. Өкінішке қарай, елімізде ардагерлеріміздің қатары сиреп қалды. Біразы көзден кеткенімен, олардың ерлігі көңілімізден кетпесі анық. Ардагерлер Жеңіс әкеліп қана қойған жоқ, соғыстан оралған соң ел еңсесін көтеруде аянбай еңбек етті. Біз олардың барлығына бас иіп, тағзым етеміз! – деп аяқтады сөзін.

«Ерлік пен Даңқ» патриоттық акция айлығы басталу құрметіне мектеп жанындағы алаңқайда жас шаңғышылардың марафоны өтті. Бұл күндері кенттегі Орталық көшеде Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған баннер қойылып, онда 9 мамыр Жеңіс күніне қанша уақыт қалғаны жайлы ақпарат күн сайын өзгертіліп тұрады.

ЖЕЗДІ кенті.

ҚАС-ҚАҒЫМДЫ ҚАЛТ ЖІБЕРМЕГЕН

ФОТОТІЛШІ МҰХТАР ДӘУІТОВ 60 ЖАСТА

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Сезім. Адам бойындағы асыл қасиеттің бірі осы. Сезім туады. Сезім өшеді. Өне бойы өн бойыңызда бұғып жатуы да мүмкін. Сәті түссе, сездіре де аласыз. Бірақ, оны алғашқы дәл сол кездегі күйінде мәңгіге ұстап қалу қолыңыздан келер ме екен? Жоқ, әрине. Ол өтпелі. Лып ете қалған жалқын сәуледей, тұлабойыңызды әп-сәтте бір шарлап шығады да, көңіліңіздің түп-тереңінде жалғыз жолақ ып-ыстық із қалдырып кете барады. Алайда, сол ыстық іздің өзі сіздің бүкіл ғұмырыңызды нұрландырып тұруы ғажап емес.

Қуаныш. Өкініш. Таңданыс. Түңілу. Үміт... Адам өміріндегі әр сәт қайталанбас құбылыстарға толы. Осындай шынайы сезімдерді бастан өткеретінізді алдын ала болжау, жоспарлау, қойылым сияқты қолдан жасау мүмкін емес. Жүректегі шынайы құбылыс бір сәттік қана. Ал ұзақ сақталуы, сақталмауы екінші бір дүние. Адам баласына тән осындай сезім иірімдерін сол қалпында ұстап қалу, бір келсе фотосуретшінің ғана қолынан келеді.

Фотошының бәрі фотосуретші емес. Фотограф сізді құжатқа арналған, портретке арналған, альбомға арналған, т.б. суреттерге түсіре алуы мүмкін. Фотосуретші (фотохудожник) сіздің ішкі жан-дүниенізді, табиғи болмысыңызды, тіпті, жасырынып тұрған мінезіңізді тап басып ұстай алатын адам. Адам характерімен бірге табиғаттың тылсым демін, жан-жануарлардың ішкі бұлқыныстарын, дүниедегі сөзбен суреттеп бере алмас бүкіл ғажайып көріністерді қағып алып, алдыңызға жаятын өнер иесі. Ол – фотоөнердің ақыны, философы, саясаткері.

Мұның бәрі азды-көпті ойымызға түсіп отырған дүниелер ғана, әйтпесе фотоөнер жайында шындап кірісіп, том-том кітап жазуға да болады. Фотоға түсірумен кәсіби түрде айналыспаған біз сияқты қалам иелері мұның бәрін қайдан біледі дерсіз. Мұны бізге қатар жүріп бір басқан, азды-көпті сырласқан қадірменді фотожурналистеріміз ұқтырды. Біз мұның бәрін сол кісілердің еңбектерінен үйрендік. Сондай жандардың бірі, әріптесім Мұхтар Дәуітов.

Мұхтармен ең алғаш 1980 жылы сол кездегі Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде танысқан едім. Дәлірек айтқанда, осы газетке әдеби қызметкер болып келгенде жүздескен болатынмын. Редактор, марқұм Ишанбек аға Жауыртаев ұжымды тайлы-туяғын қалдырмай шақырып алып мені таныстырған еді. «Мектепте жүргенде өзіміздің жас тілшілер қосынын басқарған азамат. Келешекте мықты журналист шығатын іскер жігіт», деп біраз мақтауымды да асырған-ды.

Сол жиыннан соң газеттің жауапты хатшысы марқұм Болат Дәулетияров мені баспаханамен де таныстырды. «Жақсы журналист болу үшін газеттің «кухнясын» да жақсы білу керек», деп газеттің қалай теріліп, қалай беттелетінін көрсетті. Редакция мен баспахана бір ғимаратта орналасқан еді. Баспаханадан шығып келе жатып маңдайшасында «Фототілші» деген жазуы бар есіктің жанында осы Мұхтармен жолықтық.

– Мұхтар Дәуітов деген ағаң. Газетіміздің фото тілшісі. Мына жігіт

біздің жаңа қызметкеріміз, – деп Бөкең екеумізді таныстырып өтті.

– Дұрыс екен. Бірақ, жақсы журналист болу үшін жазған материалыңа суретті де дұрыс таңдай білуің керек. Яғни, суреттің де жанын түсіне білетін адам ғана дұрыс таңдау жасай алады. Мына Болат ағаңа фотоның ішінде адам тұрса болды, талғап-таңдамайды, – деп жатыр.

Мұхтар мен Бөкең үнемі бір-бірімен әзілдесіп, бірін-бірі қағытып сөйлеп жүруші еді. Әйтпесе, фотосуреттерді қалай пайдалану керектігін мен сол жауапты хатшы Болат Дәулетияровтан үйрендім емес пе.

– Сенің

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Мұхтар ЫБЫРАЙҰЛЫ!

Сенің өміріңнің көбі баспасөз саласында өткен, халыққа адал қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан ардақты азаматсыз. Еліңе сіңірген еңбегің елеулі.

Міне, азаматтың жасы, үлкендіктің басы 60-қа келіп отырсың. Аудандық «Ұлытау өңірі» газетінің ұжымы, әріптестерің 60 жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтайды.

Елуді сырып тастадың,
Алпыстың алдың асқарын.
Қосағыңмен қоса ағар,
Болсын мәңгі жас жаның.
Мықты болсын денсаулық,
Ашық болсын аспаның.
Жүзге дейін қажымай,
Өмірдің жаз дастанын.

Ізгі тілекпен: «Ұлытау өңірі» газетінің ұжымы.

біздің ортамызға келгеніне қуанған түрі ғой мынаның. Дүкенге жұмсап тұратын бала таппай жүр еді, – деп бір күлген еді сол жолы Бөкең марқұм.

Ол кезде фотоға түсіру, түсіру

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Мұхтар Ыбырайұлы!

Алпысың құтты болсын ақын аға,
Алыста жүрсең-дағы жақын аға.
Отбасыңның қызығын көр, ұзақ жаса,
Бағың жансын өмір атты сахнада!!!

Ізгі ақ тілекпен:
Балқаш қаласынан өнші
бауыры Ерболат АЗИМБЕКОВ

генде де Мұхтар айтқандай кейіпкеріңнің жан-дүниесін, сезімін тап басып түсіру екінші бірінің қолынан келмейтін. Және, қазіргідей цифрлы фотокамера дегендеріңіз жоқ. Бір мақала жазатын болсақ қасымызда Мұхтар жүреді, бірлесе жұмыс істедік. Менен ақыл-кеңесін аяған емес. Ол әдемі, сәтті түсірілген суреттерінің мазмұнын айтты,

түсіндіріп жатпайтын. «Түсіндіруді қажет ететін сурет сурет емес, ол өзі сөйлеп тұруы керек» дейтін ол. Шынында, Мұхтар ағамыз түсірген көп суреттерге кісінің аты-жөнін ғана жазатынымыз болмаса, басқалай басы артық түсіндірмелер қажет емес-тін. Оның үстіне, «Тосыннан түсірілгенде» деген айдар бойынша көп еңбек еткен оның суреттері сол кейіпкерлерінің түр-тұлғасын, мінез-құлқын, жағымды-жағымсыз әдеттерін деп басып, түсіндірмесіз-ақ ашып тұратын.

– Фотолaborатория – газеттің операциялық үстелі. Бұл жерде көп адам отырып, жұмысқа кедергі жасауға



әріптер жазып, үлкен конверттерді қатарластыра қойып шықтым да, бүкіл суреттерді түсірілген мерзімі, совхозы, кәсібі жайлы жазылған конверттерге жеке-жеке салып қойды. Мұхтар айтқанда, бұлай жасағанымыз қатып кетті, іздеген кезде керек суреттерді бүкіл қоржынды ақтарып жатпай, опонай тауып алатын болдық. Бір суреттің беті сызылып немесе майысып қалар болса, ол кісінің жаны шығып кете жаздайды. Өзіне берілгені соншама, Мұхтар өзі түсірген суреттердің ғана емес, редакция қоржынындағы бүкіл фотосуреттердің шырақшысындай болып жүреді.

Бірге қызмет етіп жүрген соң, бір-бірімізге аса мән бермеген

Сонау жетпісінші жылдардың басында Жезді аудандық «Октябрь туы» газетіне фототілші болып келген Мұхтар Дәуітов аудан тарап, газет жабылған күнге дейін жұмыстан қол үзген жоқ. Күні бүгінге дейін осы газеттің төңірегінде келеді. Жезді мен Ұлытау ауданы біріктіріліп, газет қызметкерлері Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газетіне келгенде Мұхтар газеттің Жезді кентіндегі тілшісі болған еді. Қазір фото камераны қаламға алмастырды. Рас, фотосуреттен таза қол үзіп кеткен жоқ. Реті келгенде фотокамераны да қару етіп жүр.

Бұрынғы Жезді ауданына қарасты ауылдардың хабар-ошарын теріп, еңбек адамдары мен ауыл тынысы туралы қалам тербеп жүрген әріп-

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Жезді кентінің тұрғыны, қаламы қарымды, ойы ұшқыр жерлес журналист **Дәуітов Мұхтар ЫБЫРАЙҰЛЫН** асқаралы 60 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз. Кентіміздің тыныс-тіршілігі мен терең тарихынан қалам тартып жүрген ерен еңбегіңізді біз жоғары бағалаймыз, Мұха! 60 жас кеп қақты, міне, қақпаны, Қандай жақсы жас ұлғайып жатқаны! Шаңырақты қуанышқа толтырды, Қой жылының сегізінші ақпаны.

Құтты болсын келген 60 жасыңыз,
Тек қана өрге домаласын тасыңыз.
Арасында Аллаһ берген ұл-қыздың,
Жамбыл жасты – 100-ді де нық басыңыз! – деген жыр-шумақтарын жолдай отырып, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық жемісті еңбек тілейміз.
Қаламыңыз ұштала берсін, Мұха!

Ізгі ниетпен: Жезді кенті әкімдігінің аппараты.

екенбіз, сол кездері-ақ Мұхтар Дәуітов талай табыстарға қол жеткізіп, үлкен асуларды бағындырып үлгерген екен. Оның бәрін кейіннен біліп жатырмыз. Сонау бала күндерде «Пионер» газетінен басталған оның «шығармашылық жолы» кейін «Мәдениет және тұрмыс», «Ара» журналдарында жалғасты. Мұхтар фотошы ғана емес, ол көнігі суретші де. Адам кескінін аунытпай да, достық шарж қылып та сала береді. Әлгінде айтқан «Пионер» журналында оның ең алғаш ребусы жарық көрді. Кейін орталық газеттерде ауыл еңбеккерлерінің фотолары мен Мұхтардың қарындашынан шыққан қалжың суреттер де жиі жарық көріп тұрды. Қазіргідей компьютер жоқ, фотоколлаждар мен фотомонтаждарды да Мұхтар шебер жасайтын.

тесім бүгінде қазақ айтатын тал түс жас – 60 жасқа толып отыр. Қазақ фотожурналистикасының қалыптасуына өзінің сүбелі үлесін қосқан Мұхтар Дәуітов аймағымызға белгілі болған тұлғалар мен еңбек адамдарының бейнелерін тарихымызда фотошежіре арқылы қалдыра білді...

Мұхтар жайлы оны жақсы білетін қай кісіге жолығып, сұрай қалсаңыз оның адамгершілігі, тазалығы, бауырмалдығы, сондай-ақ, айтқыштығы жайында көсіліп сала беретінін аңғарасыз. Өйткені Мұхтар фотошы, суретші ғана емес шымыр шымшымалар жазатын қабілетімен де танымал. Әрине, оның бәрі бөлек әңгімеге арқау болатын дүниелер. Бұл жолы біз Мұхтар Дәуітовтың кәсіби тұрғыдағы кейбір ерекшеліктерін ғана айта отырып, кейінгі жас фотосуретшілерге үлгі еткенді жөн көрдік.

Имандылық иірімдері

Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим! Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббысы болған Алла Тағалаға ғана тән. Игілігі мен сәлемі «Әлемге рақым етіп жіберілген» Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымызға, оның сахабаларына, үй-ішіне, үмбеттеріне болсын! «Аңсаған тілекке Құдай жеткізді.

Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік» деген сонау Алаштың серке ұлт-азатшылдары мен күні кешегі кеңістікті дүр сілкіндірген Желтоқсан жастарының аңсаған арайлы бостандық таңы біздің маңдайымызға жазылған екен.

1. Ислам үмбетінің парызы – бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару.

Тәуелсіз қазақ елінің тағдыры Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тағдырымен еншілес. Елбасымыздың сара жолдағы бейбіт ұстанымы кімді де болсын ұйқысынан оятқандай. Әлемдік таразыда тең тұру не таразы тасын тең ұстау қиын да қауіпті. Елең-алаңда таразы тасы миллион мұсылманның миллион сезімін басып кетуі де мүмкін. Сонау 11-қыркүйектегі әйгілі террәкт жаһандағы қай елдің болсын жүрегіне әлі күнге үрей тудырады. Бұл дүниені екіге бөлген «Ислам қатері» деген теріс дақ ақ пейілді мұсылманға жағылды. Сол үшін де батыс елдері ішкі үрейімен, қырағы көзімен жан-жақтағы ынтымағы жарасқан мұсылмандарға жалтақтауда. Ал, ислам елдерінің өз арасында ауызбірліктің сақталмай отырғаны тағы бар. Қиын-қыстау кезеңде мақсатымыз бір арнаға тоғыспаса, өз арамыз бүлікке айналып кетуі де ықтимал. Сондықтан, Алла Тағаланың хақтығына сенуші елдер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, үлкен күнәлардан сақтанып, әлем тарихының бетін кірлетпеуіміз керек.

2. «Мұсылман әлемімен қатынасты жандандыру – Қазақстанның сыртқы саясатының басым міндеттерінің бірі». Яғни, жаһан мұсылмандарына көшбасшы болу, ел іргесін жан-жақты мықтылау деген сөз. Басқа мұсылман елдерімен қарым-қатынасымыз жақсы. Бұл өте қымбат деңгей. Мақсатымыз – қолдау мен дамыту. Жұмыр жердің бетінде 200-ден астам мемлекет бар. Оның 60-қа жуығы ислам дінін ұстанады. Яғни, әлем мұсылмандарының бүгінгі мен ертеңгі тағдырының келелі мәселелеріне еліміздің киелі шаңырағында ақыл-оймен, ашық, әділ түрде үн қатысу шеңберінде пәтуа шығаруға берілген алғашқы мүмкіншілік – Алла Тағаланың бізге жазмышы. Бұл – үлкен сенімді талап ететін ауыр жүк. Дегенмен, сәл ескеретін жағдайлар бар. Негізінде ислам әлемі мен оның дамуы дүниежүзілік деңгейде жоғары көрсеткіште емес екендігін мойындауымыз қажет. Әлеуметтік жағынан мұсылман отбасының өмір сүру сапасы мен табысы, бала мен ана өлімі, жұмыссыздық, мұсылман құқығы тәрізді мәселелер де мәз емес. Ал рухани мәдениеті жағынан Еуропа елдерімен салыстырғанда даму бар. Дегенмен, әлі де болса кішігірім діни надандық пен діни сауатсыздық орын алуда. Сөз бостандығы

мен қорғаныс қабілеті және т.б., сол сияқты көрсеткіштер жағынан төмен, яғни әлдеқайда артта. Ең негізгісі – ислам дінін жамылған тексіз секталар, діни ағымдар мен топтар көбейіп, әртүрлі қозғалыстар мен

партиялар құрылып, ислам құндылықтарын таптауда. Бұған дамыған батыс елдерінің алақөзбен сенімсіздік танытуының үдеуі де жақсы емес. Бұл жағдайлар біздің өз арасымыздағы жастарға ел іктеу туғызған-дай. Кейінгі кездері ел арасындағы исламдық бүлікке қатысы бар кішігірім топтардың қызметі де ішкі-сыртқы қорғаныс, қауіпсіздігімізді қайта бір қарап шығуға жетелегендей. Сондықтан, осы себептерден шығу жолдары көп еңбектерді қажет етеді және заңдық құжаттарға тиісті өзгерістер енгізуді талап етеді.

Экономика мен руханият – мемлекеттің қос қанаты. Дін өзегіне сүйенетін болсақ, қасиетті Құранда: «Қай қауым болсын, өз жағдайын өзі өзгертпесе, олардың жағдайын Алла өзгертпейді. Егер бір қауымды Құдай құртайын дейді екен, оған қарсы тұруға болмайды. Бұйырылған жазаны қайырып алатын Алладан басқа ешкім жоқ» («Рағйд» сүресі, 11-аят) дейді. Әлемнің қаншама қысқа маңдай ғалымдары мен саясаткерлері, сарапшылары ғасырлар бойы батыс пен шығыс мәдениетін талқыға салып келеді. Бірақ, әлі күнге осы екеуінің өзара тиімді қатар өмір сүру формуласын тапқан емес. Біраз уақыт бұрын Елбасы «Еу-

ропаға жол» бағдарламасын қабылдады. Яғни, Еуропа мен Ислам әлемі Қазақстанның қос қанаты болмақ. Бұл – қазіргі экономикалық дамудың жаңа инновациялық технологиялық бағытын Еуропа мемлекеттерімен, ал елдің рухани байлығын Ислам елдерімен бірге өрістетуге деген сөз. «Сендердің араларында да (жұртты) берекелі істерге бастайтын, жақсылыққа үндеп, жамандықтан жирендіретін бір қауым болсын. Ал ондайлар бақытты жандар» («Ғимран» сүресі, 104-аят) дейді, қасиетті Құран.

Міне, Аллаға тәубе, біз бақытты жандар қатарындамыз. Өйткені, Елбасымыз бо-

ынтымақтастықты күшейту мен дамыту болса, ұстанымы – экономикалық мүмкіндіктерін өзара әріптес елдер арасында дұрыс пайдалану. Ең ұнамдысы шарият қағидасын басшылыққа алатын бейбітшіл, ғылымды, әсіресе кешегі жиында Елбасымыз көтерген ең келелі мәселе ислам елдері ғылымын дамытуды көздеген келешегі зор. Оның жанынан құрылған бірнеше дербес ұйымдарымен қатар, субсидарлы, яғни ислам елдері бойынша экономика мен әлеуметтік жағынан зерттеулер дайындау орталығы және негізгі сауда – өнеркәсіпті қарастыратын Аффилиирленген институт ме-

десі үшін ұйыммен байланыс жасауды қолдайды. Төрткүл дүниеге бұрылмастан тең қарау үшін төрт көзің болуы тиіс. Дүние өздігінен қаланбаған, сол сияқты кеше ғана еліміздің төрінде тұсауын кескен саяси және экономикалық келісімдер – жарқын келешегіміз. Шүкір, дүниежүзіндегі алпауыт ұйыммен алғаш рет төс қағыстырып, қол алысып, бір сапта қатар тұрып, Құбылаға жүзімізді бірге бұратын кез келді. Алдымен әлемдік көшбасшылар алдында қазіргі таңдағы ұстанымды, яғни елімізде болып өткен «Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі» мен Еуропа Қауіпсіздігі мен Ынтымақтастығы Ұйымына басшылық етуде жинаған «Тілектес мемлекет» мәртебемізге лайықты ниетімізден ажырамай, ешкімнің алдында намысымызды жоғалтпау керек.

Қазіргі әлемдік кеңістікте Таяу Шығыстағы Израиль мәселесі мен Иран елінің «Ядролық бағдарламасы» көптің көңіліне түйткіл

болып отыр. Бұл біздің бітістіру талабымызда кедергі болуы да мүмкін. Елімізге шоғырланатын мұсылман елдерінің түпкі ойы алдағы күндерде белгілі болады, дегенмен дүниеде қабақ шытысқандардың қазанын сапырмай, жалпының көңіліне қонатын бастамаларымызбен мәмлеге шақырып, билігімізбен ортақ құжат жасауымызға Жаратқан Алла, Елбасымызға және ел қамында жүрген асыл ағаларымызға алып қуат нәсіп етсін!

«Тегіміз – Түрік, дініміз – Ислам, кітабымыз – Құран екенін ешқашан ұмытпауымыз керек...» деген Елбасымыздың сөзі мен қасиетті Құранның «Алла тартқан желіден (діннен) бекем ұстап, айрылмандар. Алланың өздеріне жасаған рақымын еске алыңдар. Сендер өзара жау едіңдер, ол сендердің жүректеріңді жақындатты. Соның рақымымен табысып, туыстасыңдар. Сендер тозақ апанының жиегінде тұр едіңдер. Алла сендерді одан да құтқарды. Алланың аяттары, міне, осы жайды баяндайды. Мүмкін осыған ой жіберіп, тура жолға түсерсіңдер» («Әл-Ғимран» сүресі, 103-аят) деген сөздерін дүйім елге мұсылмандық рухта алға тартып отырған дұрыс. Сондықтан, Жаратқанның берген мүмкіншілігінде Аллаға тәуекел етіп, сөзімізді кесіп айтып, мұсылман дүниесінің ынтымақ-бірлігі мен халық тыныштығына, дінаралық және ұлтаралық татулық бәйгесіне жол тартқан Елбасының салиқалы саясаты киелі жерімізге қадам жасап жатқан Ислам Конференция Ұйымының мүшелері мен қонақтарының жүректеріне жайғасып, халқымыздың бедел-мүддесі арта берсін деп ел болып, бір Алладан тілейік! Әумин!

**Әнуарбек ДӘУЛЕТКЕЛДІҒҰЛЫ,
Сарысу селолық мешітінің бас имамы.**

ЖАҒАН МҰСЫЛМАНДАРЫНА ЖЕТЕКШІ БОЛУ — ел іргесін бұтіндеу



лып, «екеуі екі жаққа қараған екі дүние арасына ынтымақтың алтын көпірін салсақ» деген үлкен тағылымды ниетімізді айдай әлемге паш етіп отырмыз. «Әділетсіздікке асыл дініміз өткір қылыштай» демекші, өзін-өзі жарнамалайтын кеудесі лас, діңгегі бос үндеулерге сабырлы болып, ешкімнің көңіліне қамшы болатын шешім қабылдамай, байыпты әрекетімізбен әлемді өзімізге қаратқанымыз жөн. Әрине, шешімін бір Алла біледі, тоқетерін уақыт көрсетеді. Дінмен біте қайнасқан мұсылман елінің азаматтары мен саяси кемеңгерлері біледі десек те, өркениет сұхбатында рухани тиімді тәсілмен ислам ынтымақтастығының жаңа құрылымынан үмітіміз бар. Яғни, ислам ынтымақтастығы, отаршылдыққа, нәсілшілдікке қарсы бірігіп күресуді қарастыратын әлеуметтік, экономикалық және саяси бағыттағы жан-жақты ауқымды ұйым болып табылады. Басты мақсаты – әсіресе, дүниенің шиеленісу аймақтарында мұсылмандық

кемелері бар құзырлы орда. Бірі – әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастықты дамыту болса, екіншісі – сауда құндылығын жандандыру, ислам экономикасы танымын кеңейту ниеттестік пен туыстықты тереңдету және араб тілін тарату. Негізінде ұйымның тарихы әріде, Әл-Ақса мешітінің өртену сәтінен оянған әлем мұсылмандары бірлігін шақырған ұйым. Ресми тұрақтағанына жарты ғасыр толмаса да, жан-жақтағы елдердің қырғи-қабақ кезеңдерінде ықпал ете алмаған сәттері де болған. Мұндай жеңіс пен жеңіліс ислам әлемі мен жекелеген мұсылмандардың тағдырында болған және болады да. Мұны әлсіздік деп ұғынбау керек, бұл – Алланың сынағы, тіпті, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі кейбір соғыс пен келіссөздерде мәселен, «Бәдір қазауатында» жеңіске жетсе, ал бірінде жеңілген, яғни Ұхуд тауы маңайында. Дегенмен, ұйым құрамына ену әлемнің көптеген елдері үшін арман. Көрші Ресей мемлекеті қоғам мүд-

Қоғам. Адам. Заң

Қазақстан Республикасы – әлем қауымдастығы мойындап отырған тәуелсіз, егемен ел. Мемлекетіміздің өз Конституциясы, Заңдары бар. Олардың дәл әрі бірыңғай қолданылуын қадағалау прокуратура органдарына жүктелген. Заңдылықты қадағалау мақсатындағы жұмыста, еліміздің Конституциясының, Бас прокуратурасының салалық бұйрықтарын, нұсқауларын және облыс прокурорының нұсқаулары мен алқа мәжілістерінің шешімдерін басшылыққа ала отырып жүргізілді.

Жалпы, Ұлытау ауданының прокуратурасымен 2014 жылы әлеуметтік-экономикалық саласындағы заңдылықты қадағалау мақсатында, барлығы 45 (54) тексеріс жүргізіліп, осы тексерістер кезінде анықталған 381 (336) заңбұзушылықтар бойынша 12 (33) наразылық, 35 (38) ұсыныс беріліп, оларды қарау барысында 35 (53) адамға тәртіптік, 5 (14) тұлғаға әкімшілік жазалар қолданылды, 35 (70) азаматтың конституциялық құқықтары қорғалған. Сондай-ақ, прокурорлық шаралар нәтижесінде 2 029 959 (2 524 911) теңге өндірілді, оның ішінде мемлекет пайдасына 1198411 (184 794) теңге өндірілді. Ал, қамтылып отырған мерзімде сыбайлас-жемқорлыққа қарсы бағытталған 1 тексеріс жүргізіліп, 2 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Со-

30 (55) жеке және 6 (10) заңды тұлғалардан, олардың 22-сі мемлекеттік органдарға қатысты, 11-і тергеу органдары бойынша, 3-еуі сот орындаушылар жайында. Аудан прокуратурасымен қаралған 16 арыздың барлығына түсініктемелер берілді, қанағаттандырылған арыздар болған жоқ.

Ұлытау ауданының прокуратурасымен, жалпы халық арасында 106 құқықтық насихаттау іс-шаралары жүргізілді, оның ішінде 11 семинар, 13 дөңгелек үстел, 50 дәріс оқылды, газетке 31 мақала және телеарналарда 5 сұхбат берілді. Прокурордың жеке қабылдауында барлығы 90 (88) адам болды. Аудан прокуратурасымен аталған сала бойынша алдағы уақыттарда да нәтижелі прокурорлық қадағалау жұмыстары

176-бабының 2 бөлігі «а,в» тармағымен №14351805100034 санды қозғалған қылмыстық іс бойынша Абилгазин Курман Жексенбаевичке қатысты кепіл түрінде бұлтартпау шарасы қолданылды. Кепілзаты ретінде Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесі 47 мекен-жайында орналасқан, 500 айлықтық есептік көрсеткіш соммасынан асып тұрған Мамыраева Кулжанның жекеменшігіндегі жылжымайтын мүлік кепілге қойылды.

Кепіл берушілерге «кепіл» бұлтартпау шарасын қолдану шарты мен тәртібі және қылмыстық іс жүргізу заңының нормалары түсіндірілді. Қазіргі таңда, осы аталмыш қылмыстық істер сотқа жолданып, айыптау үкімдері шықты. Есептен тіркеу тәртібі де үнемі прокуратура қадағалауында. Жалпы, 2014 жылдың 12 айында прокуратура тарапынан қылмыс қудалау органдарына жекелеген заңбұзушылық фактілері бойынша 15/15 прокурорлық актілер шығарылып, олар бойынша 16/18 қызметкер жазаланды. Прокуратура тарапынан тергеу мен алдын ала анықтау органдарының жұмыс нәтижелері үнемі қадағалауда болды. Жалпы, қозғалған қылмыстық істердің 14/35 тергеумен аяқталып, 15/24 сот қауымына жолданды.

нымен қатар, аудан прокуратурасымен есепті кезеңде Еңбек кодексінің қолданысына 1 тексеріс жүргізілді. Алайда, кәсіпорын тарапынан қызметкерлеріне еңбекақыларын төлеу міндеттері тиісті деңгейде орындалмаған.

Тексеріс бойынша анықталған заңбұзушылық фактілері бойынша ұйғарымды қарау нәтижесінде 831 54 теңге жұмыскерлердің еңбек ақылары төленіп, өндіріліп, 35 адамның конституциялық құқықтары қорғалды. Сондай-ақ, ҚР Бас прокурорының №60 бұйрығының 14-тармағына сәйкес, аудан әкімінің қабылдаған өкімдері тексеріліп, онда 54 өкімдері заң талаптарына сәйкес еместігі анықталды. Аталған заңсыз актілерге наразылық келтіріліп, олардың күші жойылды. Сонымен қатар, ауданда орналасқан барлық құқық қорғау және бақылаушы органдарға ҚР Президентінің 2014 жылғы 27 ақпандағы №757 «ҚР-да кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» Жарлығына ҚР-ның «Прокуратура туралы» Заңының 26-бабының негізінде 6 заңға түсінік берілді. Дәл осы жарияланған мораторий туралы Ұлытау ауданының жергілікті «Ұлытау өңірі» газетіне бір мақала және осы мақалада кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған мобильді топтың сенім телефоны жарияланды. Одан бөлек, аудан прокуратурасымен «Кәсіпкерлерге 10 кеңес» атты жадынамалар таратылды.

Ұлытау ауданында жергілікті телеарна болмағандықтан, Ұлытау ауданының 15 селолық округтеріндегі азаматтардың көп шоғырланатын азық-түлік дүкендерінің, автобус аялдамаларының және дүкендердің көрнекі жерлеріне кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылу деректері бойынша аудан прокуратурасындағы сенім телефондарына хабарласуға болатын хабарламалар ілінген. Алайда, аудан бойынша құрылған мобильді топтың сенім телефонына қандай да бір ақпараттар түскен жоқ. Сонымен қатар, көмелетке толмағандар туралы заңнамалардың сақталу саласы бойынша да 5 (9) тексеріс жүргізіліп, 37 (53) заңбұзушылық фактілері анықталды, ол бойынша 0 (1) наразылық, 6 (9) ұсыныс қаралып, 5 (17) адам тәртіптік, 1 (1) тұлға әкімшілік жазаға тартылды және 435 көмелетке толмағанның құқықтары қорғалды.

Есепті кезеңде аудан прокуратурасына, барлығы 36 (65) арыз-шағым түсіп, оның 16 (30) аудан прокуратурасымен қаралып, 20 (35) басқа мекемелердің қарауларына жолданды. Түскен арыздың

атқарылатын болады. Ұлытау ауданы бойынша тергеу мен анықтама қызметінің заңдылығын қадағалау саласы бойынша, қылмыс мөлшері 2013 жылмен салыстырғанда азайғаны байқалады. Яғни, 83 қылмыстан 79 қылмысқа азайған, кему деңгейі 4,8%-ды құрап отыр. Атап айтқанда, меншікке қарсы қылмыстар, тонау, денсаулыққа ауыр, орташа зиян келтіру, жол-көлік ережелерін бұзу, өзінше билік етуге қатысты қылмыс түрлері бытырғы жылымен салыстырғанда азайған. Бұл қылмыстардың кему деңгейінің себептері анықталып, құқық қорғау органдары қызметкерлері және аудан, селолық округ өкімдерінің қатысуларымен оперативтік отырыс болып, онда бұл қылмыстың алдын алу мақсатындағы нақты шаралар белгіленді. Алдағы уақытта бұл шаралардың орындалысы прокуратура тарапынан қатаң бақылауда болады. Қылмыстың ашылу деңгейі 54,0%-ды құрап отыр (2013ж.-58,0%).

2014 жылдың 12 айында прокуратура тергеушілердің айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамғау алу түрін сот алдында санкциялау жөнінде 3/10 талап-тілегін қолдап, сотпен қанағаттандырылды. Қамтылып отырған мерзімде 3 қылмыстық іс бойынша 3 тұлғаға қатысты кепіл түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды. Мысалы, 07.03.2014 жылы аудандық ІІБ-мен ҚР ҚК-нің 321-бабының 1 бөлігімен №14356003100005 санды қозғалған қылмыстық іс бойынша Абжапаров Адеп Жанболатовичке қатысты кепіл түрінде бұлтартпау шарасы қолданылды. Кепілге ақшалай 555 600 (бес жүз елу бес мың алты жүз) теңге және кепілзаты ретінде, 500 айлықтық есептік көрсеткіш соммасынан асып тұрған Абжапаров Абзал Мусылманбековичтің атындағы жекеменшігіндегі автокөлігі кепілге қойылды. Сондай-ақ, №14351805100032 санды қылмыстық іс 13 наурыз 2014 жылы ҚР ҚК-нің 176-бабының 3 бөлігі «г» тармағымен және ҚР ҚК-нің 314-бабының 1 бөлігімен қозғалған қылмыстық іс бойынша Малдыбаев Ерлан Абуовичке қатысты кепіл түрінде бұлтартпау шарасы қолданылды. Кепілзаты ретінде Қарағанды қаласы, Университетская көшесі, 27 үй, 1 пәтер мекен-жайында орналасқан, 1 000 айлықтық есептік көрсеткіш соммасынан асып тұрған Малдыбаев Ерлан Абуовичтің жекеменшігіндегі жылжымайтын мүлік кепілге қойылды. Дәл осындай жағдай, 13.03.2014 жылы ҚР ҚК-нің

Заңда көрсетілген әртүрлі негіздермен 49/59 қылмыстық іс тоқтатылып, оның 4/5 прокуратура тарапынан бұзылды. Қайтадан толықтырып тергеудің нәтижесінде 2/1 қылмыстық іс сотқа жолданды. Заңсыз қозғалған 10/7 қылмыстық іс аудан прокуратурасымен бұзылып, қосымша тергеу амалдарын жүргізу үшін аудандық ІІБ-не жолданды. Прокуратурамен 23/26 қылмыстық іс бойынша тергеу барысында нұсқаулар берілді. Есепті кезеңде жекелеген ауқымды мәселелер ауданның құқық қорғау органдарының отырысына шығарылып, онда орын алған кемшіліктерді жою мәселелері талқыланып, шешімдер қабылданды.

Жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалау саласы бойынша 2014 жылдың 12 айында аудан прокуратурасымен жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын прокурорлық қадағалау саласы бойынша барлығы 21/20 тексеріс жүргізіліп, 65/54 жедел есеп істері оқылып, 36/41 жазбаша нұсқау берілді, заңбұзушылық фактілері бойынша 6/5 прокурорлық актілер шығарылып, олар бойынша 5/4 қызметкер жазаланды. Оның ішінде, іс-түссіз жоғалғандар мен жеке басы анықталмаған мүрделерге қатысты ашылған ізвестіру істері бойынша, барлығы 7/5 тексеріс жүргізіліп, 13/16 жедел есеп істері оқылып, 10/11 жазбаша нұсқау беріліп, 2/1 ұсыныс енгізілді. Ал, меншікке қарсы қылмыстарға қатысты 8/8 тексеріс жүргізіліп, 49/35 жедел есеп істері оқылып, 26/27 жазбаша нұсқау берілді. Ашылмай тұрған қылмыстар негізінен ұрлық, оның ішінде мал ұрлығына қатысты болып отыр. Олар бойынша, ізвестіру бөлімшесіне нұсқау арқылы нақтылы тапсырма беріліп, қосымша жедел-ізвестіру іс-шаралар жоспары (орындау мерзімі көрсетіліп) құрылды.

Жалпы, Ұлытау АІІБ-нің криминалдық полиция бөлімшесінде мал ұрлығы бойынша 24 азамат есепте тұрады. Сонымен қатар, ізвестіру іс-шаралары кезінде азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылу деректері орын алған жоқ. Жалпы, іздеу жарияланған, іс-түссіз жоғалған азаматтарды ізвестіру және қылмыстық ізвестіру істерінің заңсыз тоқтатылу немесе қысқартылу деректері орын алған жоқ.

Қылмыстық істер бойынша сот қаулыларының заңдылығын қадағалау саласы бойынша аудандық соттарында 2014 жылы 18 тұлғаға қатысты 15 қылмыстық

істер қаралып, оның ішінде 10 тұлғаға қатысты 9 іс бойынша сот үкімдері шықты. Барлық қылмыстық істер прокурордың қатысуларымен қаралды. Есепті кезеңде аудандық соттармен жеке қаулы шығару, ақталатын негізбен қысқарту, ақтау үкімдері шығарылған қылмыстық істер болған жоқ. Азаматтық істер бойынша 2014 жылы 26/55 іс қаралған, оның 26/28 прокурордың қатысуы қамтамасыз етілген. Олардың ішінде, 26/28 азаматтық іс прокурордың қатысуы міндетті істер санатына жатады. Сонымен қатар, аудандық соттарымен прокурордың талап-арызы бойынша азаматтық істер қаралған жоқ. Ал, әкімшілік істер бойынша қамтылып отырған мерзімде 96/113 тұлғаға қатысты 96/113 іс қаралды, барлық әкімшілік істер прокурордың қатысуымен қаралған. 2014 жылы Ұлытау аудандық соттарымен қаралған 96 әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істердің ішінде, 23 әкімшілік іс қысқартылған, оның ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 69-бабымен 3 іс, 71-1-бабымен 17 іс және 580-баптың 1 бөлігімен 2 әкімшілік құқықбұзушылық туралы істері қысқартылған. Аталған мерзімдер ішінде, шығарылған сот қаулыларға аудан прокуратурасымен наразылықтар келтірілген жоқ. Жақтармен 2 апелляциялық шағым берілді, алайда, апелляциялық сатыдағы сотпен өзгеріссіз қалдырылды.

2014 жылы аудан прокуратурасымен Ұлытау аумақтық сот орындаушылар бөлімінде атқару өндірістерінің заңдылығына 22/23 мәрте тексеріс жүргізіп,

нәтижесінде 11/11 заңбұзушылықтарды жою туралы ұйғарым, 9/10 ұсыныс енгізілді, 3/3 наразылық келтіріліп, олар қаралып, қанағаттандырылды. Прокурорлық пайымдау шараларының нәтижесінде, барлығы 1927843/2548150 теңге, оның ішінде мемлекет пайдасына 1338720/482553 теңге өндірілді.

Аудан прокуратурасымен қадағалау жұмысын одан әрі жақсарту мақсатында кадрларды тәрбиелеу мен қызметтік тәртіпті күшейтуде біршама жұмыстар атқарылды. Басты назар қызметтік тәртіпті күшейтуге, сыбайлас-жемқорлықпен басқа да құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталды. Осы және басқа да талаптар қызметкерлерге тұрақты негізде әрі оперативтік кеңестерде айтылып, оған аудан прокуроры тарапынан үнемі бақылау жасалынып отырады, әрі тәртібін нығайтуда шаралар қолдануда, олармен тәрбие жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп отырады. Қызметкерлердің тұрақты негізде қызмет бабында жіберілген қателіктері мен кемшіліктері ұдайы зерделеніп, талданып, заңбұзушылықтың сипаты мен кемшіліктері анықталып, оларды түзетуге бағытталған шаралар жасалынды. Прокуратурада өткізілетін сабақтар қызметкерлердің жұмыстарымен байланыстырылып, жіберілген кемшіліктер мен заңбұзушылықтар сабақтағы тақырыптарда талқыланды. Қызметкерлердің жұмысы мен тұрмыстағы тәртібіне бақылау күшейтілді. Көтермелеу, тәртіптік жаза туралы бұйрықтар, тұрақты негізде олардың маңыздылығы туралы жеке құрамға мәлімет үшін таныстырылып, талқыға салынып отырады. Қызметкерлердің жұмыста теориялық және практикалық дағдысын көтеруге көмек көрсетіліп, олардың атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалып тұрады. Аудан прокуратурасының есепті кезеңде атқарған жұмысы аппараттық кеңесте талқыланды. Жіберілген кемшіліктер мен олқылықтарға оперативтік қызметкерлердің назары аударылды, алдағы кезеңге нақты міндеттер қойылды.

Ұлытау ауданының прокуратурасы өңірдегі құқықтық тәртіп пен заңдылықты нығайтудағы жағымды жұмыстарын одан әрі жалғастырады.

А.УӘЛИБЕКОВ,
Ұлытау ауданының прокуроры,
әділет кеңесшісі.

Азаматтық конкурс жариялайды

«Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қаракеңгір округіне үйлерге әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің әлеуметтік қызметкерінің жұмыс орнына конкурс жариялайды

Психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер – 1 бірлік, аталған елді мекенде тұрақты жұмыс істеу.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары дәрежелі маман:

жоғары білім (әлеуметтік жұмыс бойынша, медициналық, психологиялық, педагогикалық бейіндер бойынша) және мамандығы бойынша немесе арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы кемінде 1 жыл жұмыс өтілі;

біліктілігі орташа дәрежелі маман:

техникалық және кәсіптік (арнайы-кәсіптік орта әлеуметтік, медициналық, педагогикалық) білім және біліктілігі орташа дәрежелі бірінші санаттағы маман лауазымда кемінде 2 жыл жұмыс өтілі болуы керек;

Лауазымдық міндеттері:

Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі туралы ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асырады. Бөлімшенің меңгерушісі бекіткен кесте (жоспар) бойынша жұмысты орындайды. Бөгде адамның көмегіне мұқтаж және қызмет көрсету аймағында тұратын психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларға, ТҚА бұзылған балаларға және 18 жастан асқан мүгедектерге (бұдан әрі – балалар мен 18 жастан асқан адамдар) қызмет көрсетеді.

Балалар, ТҚА бұзылған балалар мен 18 жастан асқан адамдарға өзіне-өзі қызмет көрсету, өзін-өзі ұстау, өзін-өзі бақылау және қарым-қатынас жасау дағдыларын үйретеді. Балалар, ТҚА бұзылған балалар мен 18 жастан асқан адамдардың бос уақытын ұйымдастырады (ойындар, кітап оқу, кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және т.б.). ауруханада (ауруханаға жатқызылған жағдайда) ата-аналармен және олардың отбасы мүшелерімен балалар мен 18 жастан асқан адамдарды оңалту іс-шараларын іске асыру және бейімдеу бойынша жұмыстарды жүргізеді. Денсаулық жағдайы бойынша әдеттегі, күнделікті рәсімдерді орындауға қабілетсіз қызмет алушыларға жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді көрсету. Қызмет алушылардың отбасы мүшелеріне жеке қызмет көрсетушінің және гигиеналық-санитарлық сипаттағы практикалық дағдыларды үйрету. Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес санаторлық-курорттық емдеумен, техникалық қосалқы (орын толтырушы) құралдармен, міндетті гигиеналық құрал-

дармен, протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу. Балалардың дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеттеріне сәйкес арнайы оқу бағдарламалары бойынша білім алуына жәрдемдесу. ТҚА бұзылған балалардың жалпы білім беретін мектептерде білім алуына жәрдемдесу.

Білуге тиіс: «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңдар және азаматтарға әлеуметтік қызметтер ұсыну бойынша өзге де нормативтік құжаттар; балалар мен 18 жастан асқан адамдарға әлеуметтік-тұрмыстық қызметті ұйымдастыру жөніндегі негізгі қағидаттар; коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру; балалар мен 18 жастан асқан адамдарды үй жағдайында күту бойынша санитарлық-гигиеналық талаптар; шұғыл дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәсілдері; еңбек туралы заңнаманың негіздері; өндірістік санитария мен өртке қарсы қорғау нормалары мен ережелері.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбегі:

- 1.Ұсынылған құжаттар тізбегін көрсетіп, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2.Жеке куәлігінің көшірмесі;
- 3.Кадр есебі бойынша толтырылған жеке парақ (тұрғын үйдің мекен-жайы мен тел. көрсету);
- 4.Қызметтің біліктілік талаптарына сай білімі туралы құжаттарының көшірмесі;
- 5.Еңбек өткергенін дәлелдейтін құжат көшірмесі;
- 6.Медициналық тексеруден өткендігі туралы арнайы үлгідегі анықтама.
- 7.Көлемі 3х4см -1 сурет.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар хабарландыру газет бетіне жарияланғаннан бастап 15 күн ішінде қабылданады.

Конкурсқа қатысуға қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне (біліктілігін көтеруі, ғылыми дәреже мен атақ алғаны, ғылыми басылымдары, алдында жұмыс орнының басқармасынан алған кепілдеме және т.б.) қатысты қосымша мәлімет бере алады.

«Ұлытау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі. Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі 23 үй.

Байланыс телефоны: 2-12-12, 2-12-07.



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БАСЫМДЫҚТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры – бұл еліміздің бүкіл еңбек етуші халқы қатысатын, есеп беру, ашық қызмет, этикалық тәртіп, мүдделі тараптардың мүдделеріне құрмет көрсету, заңды басшылыққа алу және адам құқықтарын сақтау қағидаттарын берік ұстанатын әлеуметтік жауапкершілікті ұйым. 2014 жылғы 20 қараша күні БЖЗҚ-ның Директорлар кеңесі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 2015-2019 жылдарға корпоративтік даму стратегиясын бекітті. Бекітілген стратегия аясында Қордың алдағы бес жылдыққа арналған негізгі мақсаттары мен міндеттері айқындалды. Онда көрсетілетін қызметтер сапасын салымшыларға (алушыларға) дербес қызмет көрсету жүйесін дамыту есебінен халықаралық стандарттар деңгейіне дейін өсіру, қордың электрондық қызметтер желісін одан әрі кеңейту, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру басымдыққа ие болды. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны шарттардың барлық түрлері бойынша 9 959 267 бірлікті құрады. Зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 4,5 трлн. теңгеден асып түсті. БЖЗҚ-ның 2014 жылы алынған және салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына бөлінген инвестициялық табысы 183,96 млрд. теңгені құрады. Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары 2014 жылы барлығы 784,4 млрд. теңгеге өсті, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі (ЖЗЖ) бойынша салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-на бөлінген инвестициялық табыстың жалпы сомасы 234,4 млрд. теңге мөлшерінде болды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің 2014 жылғы табыстылығының жылдық көрсеткіші 6,31% құрады, ол ЖЗЖ бойынша 2013 жылғы 2,2% жылдық көрсеткіштен айтарлықтай асып түседі. 2014 жылдың 12 айы ішінде БЖЗҚ-дан берілген зейнетақы төлемдерінің сомасы 93,04 млрд. теңгені құрады, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына аударылған сомалардың мөлшері 13,6 млрд. теңгені құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы журналары (МКЗЖ) бойынша шартқа отыру жұмыстары әлі де жалғасуда. Жыл бойына алушылардың осы санаты үшін 348 889 ЖЗШ ашылды. Осындай ЖЗШ-лар бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 26,3 млрд. теңгені құрады.

Өңірлік желі

Салымшылардың (алушылардың) жинақтаушы зейнетақы қорының өңірлік бөлімшелеріне тікелей келіп өтініш жасауы - қызметтерге қол жеткізудің әлі де бірден-бір кең тараған әдісі. БЖЗҚ-ның өңірлердегі кеңселерінің саны өткізілген зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикалық тығыздығы жоғары дәрежелі дифференциясымен ерекшеленеді, ол қызмет көрсету кеңселерінің аумақтық бөліктерге орналастырылуынан көрініс тапқан. БЖЗҚ қызмет көрсету кеңселерінің жұмыстарына үнемі талдау жасап отырады, салымшылардың (алушылардың) жасаған өтініштерінің саны бойынша тарихи деректерді талқылап отырады, сондай-ақ Қордың қызмет көрсету орталықтарының

саны халыққа дұрыс қызмет көрсете алатындай тиімді болуы үшін кеңселердегі жұмыс көлеміне үнемі шолу жасап отырады. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының өңірлік желісі 240 қызмет көрсету кеңселерінен құралған. Қордың өңірлік желісіне әрбір облыс орталығында, республикалық маңызға ие қалаларда (Алматы және Астана), сондай-ақ облыс қарамағындағы ірі қалаларда (Жезқазған, Семей) бір-бірден барлығы 18 филиал кіреді. Филиалдар жанынан 23 бөлімше және 199 қызмет көрсету орталығы ашылды. 2014жылыБЖЗҚкеңселерінезейнетақымен қамсыздандыру мәселесі бойынша ақпарат алу үшін 3 миллионнан астам адам өтініш жасаған. 2015 жылы Алматы, Астана, Қарағанды және Павлодар қалаларында тағы да 6 қызмет көрсету кеңсесін ашу жоспарланып отыр. **Салымшыларды хабарландыру**

«Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау аясында, БЖЗҚ ағымдағы жылдың басында салымшыларды (алушыларды) 2014 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті хабарландыру науқанын бастап кетті. ЖЗШ туралы ақпарат салымшының (алушының) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан, жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішке немесе ақпарат алу тәсілін өзгерту/белгілеу туралы келісімге қол қойған кезде өзі таңдаған әдісі бойынша беріледі.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша:

өзі келгенде – шамамен 3 миллион адам;

электрондық пошта арқылы – шамамен 300 мың адам;

интернет байланысы арқылы – шамамен 400 мың адам;

пошта арқылы – 3 миллионнан астам адам;

ҚҚО-ға өзі келу арқылы – шамамен 150 мың адам

зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат ала алады.

БЖЗҚ онлайн

Қызметтерді іске асыруда қолжетімділігі мен үнемділігі үшін интернет ең тиімді де таптырмас әдіс болып есептеледі. Салымшылар үшін бұл Қормен үнемі байланыста болудың ең ыңғайлы тәсілі. Ол уақытыңызды айтарлықтай үнемдеп, БЖЗҚ қызметі мен өз зейнетақы шотыңыздың жай-күйі туралы ақпаратты тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн бойы қордың www.enpf.kz сайты немесе ұялы телефон арқылы алуға мүмкіндік береді. Android және iOS (iPhone, iPad) және Windows Phone операциялық жүйелерінде жұмыс жасайтын смартфондар мен планшеттерге арналған ENPF мобильдік қосымшалары БЖЗҚ мамандарының өз күшімен әзірленген және салымшылар (алушылар) арасында ерекше сұранысқа ие. Мобильдік қосымша іске қосылғаннан бастап 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін 27 000 астам жүктеу жасалған. Бұл қосымшаны өз ЖЗШ-ның жай-күйі туралы ақпаратты интернет арқылы алуды таңдаған салымшылар (алушылар) пайдалана алады. Оны қуаттау үшін салымшының «БЖЗҚ» АҚ сайтына кіру үшін пайдаланатын логині мен паролі қолданылады. **Интернет**

БЖЗҚ-НЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ

арқылы ақпарат алу тәсілін таңдау үшін қордың кез-келген бөлімшесіне бір рет келіп, ақпарат алу тәсілін өзгерту/белгілеу туралы келісімге отыру қажет. Мұны өзіңіз арнайы келіп жасауыңыз керек, себебі зейнетақы жинақтарыңыз туралы ақпараттың құпиялылығы сақталуы керек.

БЖЗҚ-ның жаңа қызметтері туралы

2014 жылы БЖЗҚ қызметтерінің e-Gov электрондық үкіметі порталы және ХҚО-лар арқылы қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында Қор өзінің «БЖЗҚ» АҚ салымшыларын/алушыларын зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы (инвестициялық табыс есебімен) хабарландыру қызметін Мемлекеттік қызметтер тізіліміне қосу мәселесін мемлекеттік органдармен келісімдеп, ҚР Үкіметіне бекітуге берді. БЖЗҚ-ның хабарландыру жөніндегі қызметі e-Gov порталы мен Халыққа қызмет көрсету орталықтарында қолжетімді болмақ. 2014 жылғы мамыр айында БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйелерін ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған ИСО/МЭК 27001:2005 (ҚР СТ ИСО/МЭК 27001:2008) стандартына сәйкестікке өкілетті ұйымдардың аттестациялауы бойынша үдерісті бастау үшін құжаттар пакеті дайындалды, ол қордың ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталына (e-Gov) қосу құқығын береді. Қазақстан Республикасының байланыс және ақпараттандыру жөніндегі агенттігі өткізген тексеру нәтижесі бойынша Қорға «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандартқа сәйкестігі туралы №105.2014.066 аттестат берілді. Бұл Қордың ақпараттық жүйесінің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарға сәйкестігін растайды. Қазіргі уақытта осы қызметті Мемлекеттік қызметтер тізіліміне қосу жөніндегі қызметтер аяқталу сатысында.

Әлеуметтік желілер

Facebook, Twitter, Вконтакте және Мой Мир сияқты ірі әлеуметтік желілерде «БЖЗҚ» АҚ-ның ресми парақшалары ашылған. Әлеуметтік желілердегі Қор жазылушыларының жиынтық саны 4 мыңнан асады. БЖЗҚ-ның парақшасын күніне орта есеппен 1500 адамға дейін қарайды.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес, «БЖЗҚ» АҚ міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы журналарын тартумен айналысады; зейнетақы жинақтарын төлеуді және зейнетақы активтері мен инвестициялық портфельді есептеуді жүзеге асырады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақымен қамсыздандыру туралы барлық шарттар бойынша құқық мұрасқоры болып табылады және бұған дейін жеке жинақтаушы зейнетақы қорларына бөлініп кеткен барлық зейнетақы активтерін жинақтайды. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ҚР Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

ХҚКО РМК сайты арқылы «Ақылы қызметтер» түрлерін алаатындығы туралы

«ХҚКО» РМК мекенжайына ҚР Әділет министрлігінен 2015 жылғы 19 қаңтарда № 02-30-8/256-и «Жеке және заңды тұлғаларға нотариустың растауынсыз сату-сатып алу, айырбастау, сыйға тарту шарттарын жасай отырып жылжымайтын мүлікті тіркеу» ақылы қызметті көрсетуге қатысты хатты келіп түсті. Осыған орай, осы қызметтер түрі ХҚКО РМК сайтында қосылғанын хабарлаймыз.

Қазіргі таңда бұл қызмет түрімен «ХҚКО» РМК сайтында (con.gov.kz/about/platnye-uslugi) Ақылы қызметтер бөлімі қосылған, онда азаматтар көрсетілетін қызметтер шоғырымен өз бетінше танысу мүмкіндігі іске асырылған.

Қазіргі таңда көрсетілетін қызметтің 12 түрі іске асырылғандығын хабарлайды.

Өзгерістерді тіркеу, мүлікке қойылған банктік аманаттың тоқтатылуын тіркеу банктің екінші деңгейлік жағдайындағы банктер үшін.

Заңды және жеке тұлғаның құқықтың дәлелдейтін құжатының көшірмесін, (дубликат) беру;

Мүлікті тіркеу барысында екінші деңгейлік банктермен мүлікті қойылған құқықтың шектелуін тоқтату;

Өзгерістерді құқықтың тоқтатылуын тіркеу екінші деңгейлік банктер үшін;

Тіркеу екінші банктік деңгейлік үшін құқыққа қойылған тоқтатылымның орындалмауын тіркеу;

Тіркеу транспорт ақы пұлдардың заңды тұлға үшін;

Техникалық паспорт акт-приемкиларды дайындау барысында тіркеу

Меншікке мем.акт алу жердің заңды және жеке тұлға үшін

Заңды тұлғаның құқығының тіркелген тоқтатылуын тіркеу

Құрылыс бөлімімен жасалған монтаждаумен лицензия беру

Қайталама туу туралы куәлік, анықтама туу туралы куәлікке, басқа елде тіркелген актілік жазба

Құжаттың нострификациясы білімі туралы;

Қазіргі таңда осы ақылы қызметтердің көрсетілуі өте тиімді әрі жылдам болып саналады. Көп күтуді талап етпейді. Және әр көрсетілетін қызмет түрінің бағалық құны әртүрлі.

Қызметтің сапасы мен күрделілігіне қарай үстінен төленетін сома әртүрлі болады. Яғни 40 пайыз, 50 пайыз, 35 пайыз, 100 пайыз, төленетіндігі айтылған. Және де құжат кері қайтарылған жағдайда, бұл төленген сома құны қайтарылмайды.

Қызметті алушыларға соңынан дайын құжатты берумен құжаттар пакетін қалыптастыру бойынша қызмет көрсету бойынша тарифін бекітті. Жарғылық қызметпен айналысу мақсатында және «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-ХҚКО РМК) Жарғысының 14-тармағының 19) тармақшасының 26-тармағының 6) тармақшасын басшылыққа алған болатын.

Қызметті алушыларға соңынан дайын құжатты берумен құжаттар пакетін қалыптастыру бойынша қызмет көрсету тарифі қосымша бекітілген болатын.

ХҚКО РМК облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша филиалдарының директорлары жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін қызметті алушыларға соңынан дайын құжатты берумен қатар пакетін қалыптастыру бойынша жұмыстарын 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ұйымдастырылған болатын.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны электронды түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет түрі тегін көрсетіледі.

ХҚКО мекемесі дүйсенбі – сенбі күндерінде таңертеңгі сағат 9-дан 20-00-ге дейін қызмет етеді. Мекен-жайымыз: Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Аманкелді көшесі 29-А. Хабарласу телефоны: 8(71035) 2-16-24; (71035) 2-13-06.

Ұлытау ауданындағы
«ХҚКО»РМК бөлімі

Маман кеңесі

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ЛИСТЕРИОЗ АУРУЫ

Листериоз — жануарлар мен адамдардың жұқпалы ауруы, қойларда жиі кездеседі, шошқаларда, ірі қарада және ешкілерде, аңдарда, қояндарда, үй және жабайы құстарда сирек кездеседі. Листериоздың қоздырушысының көзі — ауру және аурудан сауыққан малдар. Олар листерияларды сыртқы ортаға несеппен, нәжіспен, сүтпен, көзден, танаудан, жыныс мүшелерінен аққан соралармен бөліп шығарады.

Листериозға диагноз эпизоотиялық мәліметтер және лабораториялық зерттеулер негізінде қойылады. Шешуші диагноз бактериологиялық зерттеу нәтижесінде таза листерия культурасын бөлу арқылы қойылады.

Зертханаға жаңа өлген ұсақ малдың өлексесін, немесе басын (миын), бауырын, көк бауырды, бүйректі, лимфа түйіндерін, өкпенің жарақаттанған бөлігін, іш тастағанда тастанды төлді, шарана қабын жібереді. Малдардың тірі кезінде диагноз қою үшін ауырған малдан іш тастағандағы аққан сораны, ауру малдың немесе ауруға күмәнді сезікті малдың сүтін, қанын немесе қан сарысуын алып лабораторияға жібереді.

Малдың листериоз ауруының алдын алу үшін, сырттан келген жануарларды бөлектеп, сақтандыру және ветеринариялық іс шараларды іске асыру үшін 30 күн жеке ұстау керек. Жеке тұрған кезде, малдарды қайта жасақтаған кезде, барлық малдарға клиникалық байқау жүргізіледі, ыстығын өлшейді. Барлық уақытта тышқандар мен егеуқұйрықтарды және қан сорғыш жәндіктерді жойып отыру қажет. Шала-өлі туған, іш тастау және шығын болған малдардың есебін қатаң жүргізу керек және ветеринариялық зертханаға патологиялық материалдарды дер кезінде жіберіп отыру қажет.

Листериоз ауруы анықталған шаруашылық субъектісі сол ауру бойынша таза емес деп жарияланып, Қазақстан Республи-

касының «Ветеринария туралы» Заңының 27-бабының 1 тармағына сәйкес шектеу енгізіледі.

Листериоздан таза емес пункттерден союға жіберілген малдардан басқа жануарларды шығаруға тиым салынады. Тексеру кезінде оң реакция берген малдарды оқшаулайды, антибиотиктермен емдейді немесе союға жібереді. Алғашқы ауру малдар шыққан кезде және мал өлген жағдайда мал ұсталынған қораларды, олардың жүріп өткен, жанасқан, қораның едендеріне, жақтауларына, астауларға, жұмыс киімдеріне, аяқ киімдерге дезинфекция жасайды. Ауру малдар орналасқан қоралардың кіре берісінде аяқ киімдерді залалсыздандыратын дезбарьер, дезинфекциялық төсеніш орналастырады. Ауру мал немесе ауруға сезікті малдар орналасқан мал қораларына әрбір ауру мал шыққан сайын және әрбір он күн сайын шектеу алынғанға дейін, дезинфекция жасалынады. Дезинфекция жасау үшін 10-20 процент жаңадан сәндірілген әк, немесе құрамында 2 процент активтік хлоры бар хлорлы известтің ерітіндісі, 2 процент күйдіргіш натрийдің ерітіндісі, 3 процентті креолиннің ыстық ерітіндісі, 0,5 процентті формальдегидтің ерітіндісі және т.б. дезинфекциялық заттар қолданылады.

Шаруашылық субъектілерін листериоздан таза деп соңғы ауру мал шыққаннан соң 2 айдан кейін және эпизоотиялық ошақта қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін таза деп хабарланады. Таза емес ошақтардан шектеу Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» заңының 27-бабының 3 тармағына сәйкес алынады.

«ҚР АШМ ВБ ж ҚК Ұлытау аудандық
аумақтық инспекциясы» ММ-сі.

Қарағанды облысының аумағында мал ұрлығына қарсы өтіп жатқан іс-шаралар бойынша, Ұлытау ауданы көлемінде 26-28 қаңтар аралығында «Мал ұрлығы» жедел алдын алу профилактикалық шаралар жүргізілуде. Қазіргі нарықтық экономиканың қиыншылықтары түрлі қылмыстық оқиғалардың, әсіресе мал ұрлығының көбейіп кетуіне әкеліп отыр. Оңай олжа тапқысы келгендер ұрлық жасайды, ал ұста-лып опық жеп жатқандарды көре тұрып, арсыз әрекеттен бойларын аулақ салмайды.

Бүгінгі күнге Ұлытау АІІБ-не тіркеліп жататын қылмыс түрлерінің көпшілігі және тұрғындарды алаңдатып отырғаны, ол мал ұрлығы қылмысы болып отыр. Аталған қылмыс түрлері ІІБ-не тіркелгеннен кейін оның уақытылы ашылуына кейбір кезде полиция қызметкерлеріне қиындық туғызып жатады. Айта кететін болсақ, яғни жоғалған малдарын село тұрғындары дер кезінде ІІБ-не хабарламай, араға жарты немесе бір ай өткен соң ІІБ-не арызданып жатады. Осындай себептермен малды ұрлаған адамдар малды өткізетін жерлерге өткізіп, іздерін

старын ұйымдастырып, бақылау қажет етеді. 22 факті тіркеліп отыр. Әкімшілік аймақ бойынша айта кететін болсақ, яғни Ұлытау селосында 4-еу, Жезді кентінде 3-еу, Мибұлақ селосында 3-еу, Алғабас селосында 2-еу, Қарсақбай кентінде 3-еу, Сарысу селосында 6, Борсеңгір селосында 1 мал ұрлау фактілері тіркеліп отыр. Яғни, осы фактілердің барлығы, жергілікті әкімшілік аймақтарда жекеменшік малдардың бағылмай, өз беттерімен жайылып жүргендерінің салдарынан анықталып отыр.

Мысалға, яғни 01.06.2014 жылы Ұлытау ауданы, Қоскөл селосы Құл-

МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҚЫЛМЫСЫНА ТОҚСАУЫН

жасырып үлгереді де ол қылмыстың дер кезінде ашылуын қиындатады.

Бытыр 2014 жылы Ұлытау ауданы бойынша селолық аймақтарда халықтардың жекеменшік малдарын топтастыра бағылуы бойынша село әкімдері тарапынан селолық учаскелік полиция инспекторларының қатысуымен ауылдарда халықтар арасында жиындар өткізіліп, әкімшілік аймақтарда жекеменшік малдарының топтастыра бағылуы біржолға қойылуы қамтамасыз етілмеген. Осының салдарынан жайылымда қараусыз ірі қара малдар, әсіресе, күз айларында оңай пайда тапқысы келгендер ұрлап, мал ұрлығы қылмысының өсуіне әкеп соқтырады. Осы жоғарыдағы жағдайларды болдырмау, оның тез арада алдын алу іс-шарасының бірден бірі ол жергілікті жерлерде селолық әкімдердің, учаскелік полиция инспекторымен және жергілікті халықпен біріге отырып, халықтар арасында ірі қара малдарын топтастыра бағылуын, селолық аймақтық мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен ірі қара малдарына қатысты идентификациялау жұмы-

жанбай ауылының тұрғыны 06.10.1988 жылы туылған Аpek Медет Умтылович 15.04.2014 жылы 17 бас жылқыларын Ұлытау ауданы, Қоскөл селосынан 5 шақырым жердегі «Азамат» деген жайылымында бағылусыз, қараусыз жайылып жүрген 17 бас жылқылар белгісіз жаққа кетіп қалған, сол жылқыларды осы күнге дейін өздері іздеп таба алмағандықтан Ұлытау АІІБ-не арызданған болатын, 15 күндей уақыт бойы аудан бойынша жеке шаруашылықтардың барлық жеріне тексеріс жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жоғалған 17 бас жылқы малы Ұлытау селосы «Бірлік-береке» жайылымынан биелері құлындап, 23 жылқы болып, жайылып жүрген жерінен табылды.

Ұлытау АІІБ-нің қызметкерлері, қалың жұртшылықты мал ұрлығын болдырмауға біркөсідей атсалысуға шақыра отырып, барлық мал өсірушілердің ауласындағы мал бастары көбейе беруіне тілек қосады.

Б.РҮСТЕМОВ,
Ұлытау АІІБ-нің КПБ-нің жедел уәкілі,
полиция лейтенанты.

Ашық есік күндерін өткізу кестесі

№	өткізілетін орны	өткізу мерзімі	жауапты адамдар
1	Аудандық соттың ғимараты	26 наурыз 2015ж	М.Жумажанов
2	Қарсақпай —кенттік округінде	30 сәуір 2015 ж.	Ж.Жапарова
3	Аудандық соттың ғимараты	23 шілде 2015 ж	М.Жумажанов
4	Сарысу селолық округінде	18 қыркүйек 2015 ж	М.Жумажанов
5	Аудандық соттың ғимараты	22 қазан 2015 ж	Ж.Жапарова
6	Мибұлақ селолық округінде	6 қараша 2015 ж	М.Жумажанов

ЕСКЕ АЛУ

Әкеміз **Совет Түсіпбекұлы** биыл 75 жасқа толып еді. Сұм ажал отбасымыздың ақылшы-тірегі, өмірдегі қамқоршымыз әкемізді арамыздан алып кеткеніне міне, қырық күн болады. Алдыңнан жансын шырағың, Мінгізсін Алла пырағың. Иманды болып ол жақта, Жұмақта болсын тұрағың — дейміз.

14 ақпан 2015 жылы «Тассай» дәмханасында сағат 13.00-де әкемізге дұға бағыштатып, қырқын береміз. Қырқына туыс-туған, құда-жекжатты, әкеміздің көзі тірісінде сыйлас, дәмдес болған жандарды шақырамыз.

Қырқын берушілер: балалары, немерелері.



Мәдени хабар

ЖҰЛДЫЗДЫ ДОДА

Өткен аптаның сенбісінде, ауылымыздағы Мәдениет үйі қызметкерлері дайындап, «Жұлдызды дода» сайысын өткізді. Меңіреу қыстың ұзақ түнінде үйлерінде жатсынба, малдарын жайғап, қойларын қоралаған ауыл адамдары кешкі сағат 19-00 болатын, «Жұлдызды додаға» ағылып келіп жатты. Ақпанның аяғына дейін жалғасын табатын бұл доданың бірінші кезеңі де басталды. Қаракеңгір Мәдениет үйінің меңгерушісі: Г.Әжбенова халыққа бұл доданың қалай өтіп, қалай қоятынын түсіндіріп, халық арасынан тұрақты әділқазылар сайлап қойды. Алғашқы болып сахнаға шыққан М. Есімсейтов, Қ.Нұртасты сомдаса, М. Беспаетын ырғағымен дауысын айнытпай келтірген Ұ.Тұрғынбаевқа қошеметтер ұзағынан болды. «Қазақтың ерке қызымын» деп шырақан Г.Зұлпықарова М.Жүнісованы биімен сәндеп, өнімен әрлесе, Алла Борисовна кейпінде Б. Смайлова «Миллион, мил-



лион алых роз» әнімен көрермен қошеметіне ие болды. Сондай-ақ, А. Нұрмағанбетованың «Мен деп ойла» әнін А.Смайлова орындағанда түріне дейін айнытпай салғанына жұртшылық куә болды. С.Майғазиев Б.Есімсейтовтің еншісіне бұйырса, кішкентай бүлдіршіндер мен ертегілер әлемінде жүріп, Ә. Қалаубаеваның «Ертегілер әлемінде» әнін нақышына келтіріп айтқан Ж.Нысанбаеваға, әділқазылар болып сайланған №4 Қаракеңгір мектебінің директоры М.Бейсенов, мектеп ұстазы М.Әленов, ауылымы-

здың ақ жаулықты анамыз, Кеңес кезіндегі театр мүшесі Рысқұл апай кімге дауыс берерлерін білмей састы. Әрине, биылғы дода былтырғы өткен «Екі жұлдыз» додасынан күрделілеу болды. Қазақстан эстрадасының жұлдыздарын келер аптада жігіттер, қыздарды ал қыздар жігіттерді сомдауға тапсырма берілді.

Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің демекші, әр сенбі сайын жалғасын табатын «Жұлдызды дода» сайысын ауыл адамдары тағатсыздана күтуде.

Ж. БИЖІГТОВ,

Қайырымдылық – адамгершілік белгісі

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кеңпейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жомарт болу – өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу.



Осыған орай, Ұлытау ауданы білім бөлімінің 2014 жылдың 5 қаңтарындағы №2 бұйрығы негізінде 2015 жылдың 10 қаңтары мен 10 ақпан аралығында аудан аумағындағы барлық мектептерде жалпыға бірдей білім беру айлығының іс-шарасы, «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып өткізілуде. Қайырымдылық акциясының негізгі мақсаты: жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді бойына

дарыту мақсатында әлеуметтік жағынан қорғалмаған және күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсету. «№11 Қоскөл орта мектебі» КММ жалпыға бірдей білім беру айлығының іс-шара жоспары жасалып, соған сәйкес көптеген жұмыстар атқарылып, іс-шаралар өткізілді. Мектептің әлеуметтік педагогы М.Сейітбеков «Қайырымдылық - адамгершілік белгісі» тақырыбында іс-шара ұйымдастырып, онда «Қамқорлық» акция-

сының мақсаты мен міндеттерін мектеп оқушыларына, ұстаздарға, ата-аналар қауымына таныстырып, айлық аясындағы атқарылған жұмыстарға тоқтала отырып, аз қамтылған отбасынан шыққан 22 оқушыға оқу құралдары, киім-кешектерді үлестіріп берді. Акцияға мектеп ұжымы ұйымшылдықпен қатыса отырып, 16000 теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетіп, өз үлестерін қосты. Сонымен қатар ауылымыздағы жеке кәсіпкерлер де белсенділік танытып, көмектерін көрсетіп жатты. Атап айтатын болсақ, «Кәусар» дүкені 5000 мың теңге, «Бөпетай ана» 5000 мың теңге, жеке кәсіпкер Әбілов Ғалым 7000 мың теңге көлемінде көмектерін берді. Мектебімізде әлі де осындай игі істер жалғасын табады деп сенеміз. Өске-лең ұрпаққа берген білімімізбен тәрбиеміз, келешекте еліміздің өркендеп өсуі мен дамуына ықпал жасасын деп тілейміз!

А.ТОРТАЕВА,
«№11 Қоскөл орта мектебі» КММ директоры
тәрбие ісінің орынбасары.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Мұхтар ЫБЫРАЙҰЛЫ!

Сіз Жездінің ыстық жерінде туып-өскен халқымыздың адал ұлы, мектебіміздің жанашыры, үлгілі отбасының мықты тірегісіз. Бүгінде мектебіміздің даңқын асқақтатуға, сыйластығымызды одан әрі нығайтуға өзіңіздің лайықты үлесіңізді қосып жүрсіз.

Міне, бүгін ердің жасы, үлкендіктің басы, 60 жасқа келіп отырсыз. Сізді осы 60 жас мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Қосағыңызбен қоса ағарып, ұрпағыңыздың қуаныш-қызығын көріп, денсаулығыңыз мықты болып, ұзақ жасаңыз!


Келген 60 жасыңыз құтты болсын,
Баянды басыңызға бақыт қонсын.
Өмірде қосағыңмен қоса ағарып,
Сарқылмай отбасыңызға ырыс толсын,
Ердің жасы алпыс жас құтты болсын!

Ізгі тілекпен: Жезді аралас орта мектеп-интернатының ұжымы.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ардақты анамыз **Баян МҰҚАШОВАНЫ** мерейлі 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!



Өміріңіз еңбекпен өрнектеліп, Қиындықты жүресіз әр кез жеңіп. Аударылып уақыттың сан парағы, Қақты есікті, мінекей, 60 келіп!

Жан анамыз – шыңдағы шынарымыз, Өзіңізбен салтанат құрамыз біз. 60 жасқа Сіз келген мерейтойда, Сізге біздің арналсын жыр-әніміз.

Ақылды ана, абзал жан бір өзіңіз, Мақтанышы балалар мен немеренің

Өулеттің ұйытқысы, тірегі боп, Қуанышқа көңіліңіз тола берсін – деген жыр-шумақтарын жолдай отырып, әкеміз екеуіңізге немере мен шөберелердің ортасында ұзақ та қызықты ғұмыр сүріп, мол бақытқа кенелуіңізді тілейміз.

Ізгі ниетпен: Ернат-Жансая; Ерсұлтан, Нұрайым

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Байзақова Айман ҚОМЫТБАЙҚЫЗЫ!

Құтты болсын мерейтой
50 жасың,
Әр уақытта домалап
өрге тасың.
Тілейміз зор денсаулық,
бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма,
одан асқан.
Аман боп туған-туыс,
бауырларың,
Жалғансын ақ таңдарың
нұрын шашқан.
Кең пейілді ақ жүрек,
адал жансың,

Ардақты бауыр, сүйікті апа атанғансың. Туылған күнімен отбасым құттықтайды, Еңбегіңізді Сіздің ешқашан ұмытпайды. Талай асуларды табандылықпен бағындыра бер, Нелер қиындықтарды қажырмен жеңе біл. «Елу – тал түс» демей ме, ендеше алдағы өмірде денсаулығың күйлі қуатты, ғұмырың ұзағынан, көрер қуаныштың молынан болсын, дейміз.

Ізгі тілекпен: жеңгесі Фарид, бауырларың Әбілқайыр, Медет-Қарақат, Мұрат-Жансая, жиенің Маралтай.



Аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1500 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 6



**Директор -
Бас редактор
Елтынды ДҮЙСЕНБАЕВ**